№9 (441)
30 қыркүйек
2019 жыл

# Zhubanov University

Облыстық
ақпараттық-
танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді




Амангелді Айталы

4-7 бб

# Бүгін бақыттымын

## Осы санда




«БІЛІМ САПАСЫ» ЖЫЛЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ
8 б



ЛЕТО В БЮДЖЕТ
12-стр



АРМАНДАР ОРЫНДАЛАДЫ ЕКЕН
13 б



НЕПРАВИЛЬНОЕ ЧАЕПИТИЕ
16-стр

# Басты жаңалықтар
# Главные новости

## ЕЛБАСЫ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРДІ

«Үлкен Еуразия: Диалог. Сенім. Серіктестік» тақырыбында өткен Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің IV -ші отырысына қатысу үшін Нұр-Сұлтан қаласына 65-тен астам елдерден өкілдер келді. Жиын барысында идея авторы Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйлеп, әлемдік мәдениетпен бірігуде қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің маңызын атап өтті. Бұл ретте Елбасы 1993 жылы өз бастамасымен құрылған «Болашақ» бағдарламасы арқылы Қазақстан жастары шетелдің үздік университеттерінде білім алып келіп, олардың біразы елдегі тұтқалы қызметтерде еңбек атқарып жатқанын әңгімеледі. Сондай-ақ Қазақстанның Тұңғыш Президенті ел ішіндегі ұлтаралық келісімдегі ерекше жетістіктерін атап, Қазақстан ұлтаралық келісім мен толеранттылықтың сәтті үлгісі болып отырғанын мақтаныш сезіммен айтты.



## ЕЛБАСЫ ПОДНЯЛ ВОПРОС О ПЕРЕХОДЕ НА ЛАТИНИЦУ

На IV Совещании спикеров парламентов стран Евразии «Большая Евразия: Диалог. Доверие. Партнерство» приняли участие представители 65 стран. Автор идеи Нурсултан Назарбаев в своём приветственном выступлении отметил значимость перехода казахского языка на латиницу в объединении с мировой культурой. Елбасы рассказал собравшимся об объявленном им в 1993 году программе “Болашак”, благодаря которой тысячи молодых людей прошли обучение в лучших университетах мира за счет государства. Вернувшись на родину, они работают, занимают посты. С гордостью Лидер нации подчеркнул достижения страны в межнациональном согласии, назвав Казахстан успешным примером толерантности.

## ELBASY RAISED THE ISSUE OF THE TRANSITION TO THE LATIN ALPHABET

At the IV Meeting of speakers of parliaments of Eurasia « Greater Eurasia: Dialogue. Trust. Partnership « was attended by representatives of 65 countries. The author of the idea Nursultan Nazarbayev in his welcoming speech noted the importance of the transition of the Kazakh language to the Latin alphabet in conjunction with the world culture. Elbasy told the audience about the program “Bolashak” announced by him in 1993, thanks to which thousands of young people were trained in the best universities of the world at the expense of the state. Returning at home, they work, occupy positions. The Leader of the nation with pride, stressed the country’s achievements in interethnic harmony, calling Kazakhstan a successful example of tolerance.

## НҰР-СҰЛТАНДА АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ФОРУМЫ ӨТТІ

Қазақстанда ұйымдастырылған тұңғыш жазушылар форумына 38 елден, атап айтқанда Оңтүстік Кореядан, Катардан, Монғолиядан, Индиядан, Әзірбайжаннан, Қырғызстаннан, т.б қаламгерлер келді. Форумды Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ашты. Ол өзінің жуырда Қазақстан халқына Жолдауында атап айтқанындай мемлекеттік тілдің ұлтаралық тіл мәртебесіне әбден лайықты екендігін дәлелдеп, қатысушыларға арнау сөзін қазақша айтты. Тәуелсіз қазақ төрінде өтіп жатқан алқалы жиынды саяси, мәдени мәні аса зор оқиға деп бағалады, заманауи жаһандық Азия әдебиетінің ел тағдырына, қоғам өміріне тигізер әсерін саралады. Жиында бас қосқан Азия елдерінің қаламгерлері халықтарды бір-бірімен рухани жақындастырудағы әдебиеттің рөліне айрықша басымдық беру жөніндегі пікірлерін ортаға салды. Қаламгерлік екінің біріне бұйырмайтын талант екендігі, осы бақыт аясындағы парасатты, талғамды танымын ортақ дүниетанымммен ұштастырып, Азия әдебиетін әлемдік деңгейде өз бигіне шығуына жұмылуға байланысты іргелі ойлар да айтылды.

## В НУР-СУЛТАНЕ ПРОШЁЛ ФОРУМ ПИСАТЕЛЕЙ СТРАН АЗИИ

Первый Форум писателей, организованный в Казахстане, прошёл с участием представителей 38 стран, включая Южную Корею, Катар, Монголию, Азербайджан, Кыргызстан. Открыл мероприятие Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев. Он произнёс приветственную речь на казахском языке, ещё раз напомнив, что государственный язык станет языком межнационального общения. Такое утверждение глава государства высказал в своём первом Послании народу. К.Токаев отметил вклад политически и культурно важного события в развитие современной азиатской литературы, общественную жизнь каждой из стран-участниц. Выступившие в ходе Форума писатели, высказали необходимость включения литературы в сближении народов и обоюдном познании культуры. Также было сказано о сближении творчества писателей в поднятии литературы стран Азии на мировой уровень.

## NUR-SULTAN HOSTED THE FORUM OF ASIA WRITERS

The first forum of writers held in Kazakhstan and attended by representatives of 38 countries, including South Korea, Qatar, Mongolia, Azerbaijan, and Kyrgyzstan. The event was opened by President of Kazakhstan Kasym-Jomart Tokayev. He delivered a welcoming speech in the Kazakh language, once again reminding that the state language will become the language of international communication. This statement was made by the head of state in his first Address to the nation. K. Tokayev noted the contribution of a politically and culturally important event to the development of modern Asian literature, the social life of each of the participating countries. The writers who spoke during the Forum expressed the need to include literature in the rapprochement of peoples and mutual knowledge of culture. It was also said about the rapprochement of writers in raising the literature of Asian countries to the world level.



## ПАРАСАТТЫЛЫҚ МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

Жұбанов университетінде Парасаттылық мектебі ашылды. Мақсаты –жастар бойына адалдық пен ізгілікті дамыту. «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің қызметкерлері мен «Саналы ұрпақ» студенттік клубының белсенділері бірігіп, әділеттілік қағидаттарына құрылған қоғам құруға атсалыспақ. Сол үшін арнайы жабдықталып, ашылған мектепте жақында сабақтар басталды. Мектептің алғашқы тыңдаушылары университеттің жас оқытушылары. Еңбек жолдарын күрмеуі көп күрделі білім саласынан бастаған олар ұстаз есіміне кір келтірмей, заңсыз әрекеттерден сақтануы үшін саналары мен ойларын жетілдірмек. Дәріс өткізетін тренерлер оларға теориялық және практикалық бағытта жәрдемдеседі. Парасаттылық мектебінің ресми ашылуына ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы Мирлан Мұхамбетов қатысты. Университет ректоры Бауыржан Ердембеков жоғары оқу орындары арасындағы тұңғыш Парасаттылық мектебінің жұмысына сәттілік тілеп, мұнда жыл бойы коучингтер мен тренингтер тоқтамай өткізіліп тұратынын атап айтты.

## ОТКРЫЛАСЬ ШКОЛА ДОБРОПОРЯДОЧНОСТИ

В университете Жубанова открылась Школа добропорядочности. Цель – привитие молодежи честности и добродетельности. Совместно сотрудники проектного офиса «Ақтөбе – адалдық алаңы» и активисты студенческого Клуба «Саналы ұрпақ» намерены создать справедливое общество. Для этого Школа снабжена всем необходимым для скорого начала занятий. Первые слушатели Школы - молодые преподаватели университета. Начиная свой трудовой педагогический путь, они хотят научиться избегать качеств, которые могут запятнать статус учителя. А лекторы на теории и практике помогут им овладеть навыками для успешной деятельности. В церемонии открытия Школы принял участие руководитель Департамента Агенства РК по делам госслужбы и противодействия коррупции Актюбинской области Мухамбетов Мирлан Бегежанович. Ректор университета Бауыржан Ердембеков пожелал удачи работе Школы добропорядочности, впервые открытой среди ВУЗов страны. Он пообещал, что здесь весь год будут непрерывно проводиться коучинги и тренинги.

## OPENED A SCHOOL OF INTEGRITY

The school of integrity was opened at the Zhubanov University. The aim is to instill honesty and virtue in young people. Together the staff of the project office “Aktobe – adaldyk alany” and activists of the student Club “Sanaly urpak” intend to create a just society. To do this, the School is equipped with everything necessary for the early start of classes. The first students of the School are young teachers of the University. Starting their career as teachers, they want to learn to avoid qualities that can tarnish the status of the teacher. And lecturers on theory and practice will help them to master the skills for successful activity. The opening ceremony of the School was attended by the head Of the Department of the Agency for civil service and anti-corruption of Aktobe region Mukhambetov Mirlan Begezhanovich. The rector of the University Bauyrzhan Yerdembekov wished success to the work of the School of integrity, open for the first time among Universities in the country. He promised that there will be continuous coaching and training throughout the year.

# Main news

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЦИФРЛАНДЫРУ КҮНІ

Мемлекеттік «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған шараға Сандық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі Вице-министрі Абылайхан Оспанов қатысты. Шараға орай қойылған көрмеге Нұр-Сұлтан, Алматы, Павлодар, Шымкент, Орал, Түркістан және Ақтөбе қалаларының IT технология компаниялары медицина, білім, экология, әлеуметтік салалар бойынша цифрлық бағыттағы өнімдерін көпшілік назарына ұсынды. Солардың бірі «Med Image» компаниясы кореялық «Bontech» компаниясымен бірігіп жұмыс жасайды. Ақтөбеде соңғы үлгідегі озық рентген аппаратын сатумен айналысады. Болашақта индустриалды аймақта құрастырып шығаруды жоспарлап отыр. Компания өніміне қызығушылық танытқан аймақ басшысы озық технологиялық рентген аппаратты өз қолымен тексеріп көрді.

«Бұдан 20 жыл бұрын ұялы телефон деген ұғым біздің қоғам үшін жаңалық болатын. Қазіргі таңда заман ағымы өзгеріп, жаңа технологиялардың жемісін күнделікті пайдаланып келеміз. «Ақтөбе облысының цифрландыру күнінде» 5G, «Ақылды қалалар», «Үлкен деректер», блокчейн, цифрлық активтер, IT, медицина, білім, экология, әлеуметтік салаларға арналған озық технологиялармен таныстым. Бұл компаниялардың кейбір өнімдері үлкен қызығушылық тудырып отыр. Алдағы уақытта осы технологияларды қолданысқа енгізіп, облысымыздағы түрлі салаға қатысты қордаланған мәселелер шешімін табады деген сенімдемін»,- деді О.Оразалин.

## В АКТОБЕ ПРОШЕЛ ДЕНЬ ЦИФРОВИЗАЦИИ

В мероприятии, направленном на реализацию программы «Цифровой Казахстан», принял участие вице-министр цифрового развития, инновации и аэрокосмической промышленности Абылайхан Оспанов. На выставке представили свои IT-технологии в медицине, образовании, экологии, социальной сфере компании Нур-Султана, Алматы, Павлодара, Шымкента, Уральска, Туркестана и Актобе. Среди них компания «Med Image» работает в тесном сотрудничестве с корейской фирмой «Bontech». Занимаются продажей в Актобе передового рентген-оборудования. В будущем они планируют выпускать его в индустриальной зоне. Проявивший интерес к продукции компании, глава региона опробовал аппарат и снял свою руку на рентгене.

«20 лет назад сотовый телефон был для нашего общества новинкой. А сейчас мы не можем представить свою жизнь без передовых технологий. Сегодня я ознакомился с современными технологиями: 5G, «Умный город», блокчейн, цифровые активы, IT в социальной сфере, сфере экологии. В рамках развития цифровой экономики в нашем регионе ведется активная работа по внедрению новых технологий. Продукция ряда компаний будет использоваться и у нас в целях решения актуальных проблем в различных сферах»,- сказал О.Уразалин.

## DAY OF DIGITALIZATION WAS HELD IN AKTOBE

The event aimed at the implementation of the program "Digital Kazakhstan" was attended by Vice-Minister of digital development, innovation and aerospace industry Abylaikhan Ospanov. Nur-Sultan, Almaty, Pavlodar, Shymkent, Uralsk, Turkestan and Aktobe presented their IT technologies in medicine, education, ecology, social sphere at the exhibition. Among them, the company "Med Image" works in close cooperation with the Korean firm "Bontech". Engaged in the sale of advanced x-ray equipment in Aktobe. In the future, they plan to produce it in the industrial zone. Showing interest in the company's products, the head of the region tested the device and took his hand on the x-ray.

"20 years ago, the cell phone was a novelty for our society. And now we can't imagine our life without advanced technologies. Today I got acquainted with modern technologies: 5G, "Smart city", blockchain, digital assets, IT in the social sphere, the sphere of ecology. As part of the development of the digital economy in our region is actively working on the introduction of new technologies.

The products of a number of companies will be used in our country in order to solve urgent problems in various spheres," -O. Urazalin said.




## «АЛТЫН БЕЛГІ» ИЕЛЕРІ ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІН ТАҢДАДЫ

Жоғары білім беру саласында Жұбанов университеті өз беделін нығайтуда. Сапалы білімді абыройлы міндетіне айналдырған бұл ЖОО-ны биыл 5 мың талапкер таңдады. Оның 200-ге жуығы «Алтын белгі» иелері. Университет табалдырығын жаңа аттаған біріншікурстықтар ішінде 100 оқу үздігі және халықаралық жарыстардың жеңімпаздары бар. Жастар талғамына университетте еңбек нарығын ескере отырып, соңғы тенденциялар мен технологияға негізделген жаңа білім бағдарламалары да сәйкес келіп отыр. Осы оқу жылында бакалавриат бойынша 22, магистратура бойынша 10 жаңа білім бағдарламалары енгізілді.

## ОБЛАДАТЕЛИ «АЛТЫН БЕЛГІ» ВЫБРАЛИ УНИВЕРСИТЕТ ЖУБАНОВА

В системе предоставления высшего образования университет Жубанова повышает свой статус конкурентоспособности. В этом году для получения качественных знаний этот ВУЗ выбрали 5 тысяч абитуриентов. Более 200-т из них - алтынбельгийцы. Порядка ста первокурсников отличники учебы и победители международных конкурсов. В университете с учетом дефицита на рынке труда внедрены новые образовательные программы: 22 по бакалавриату и 10 по магистратуре. Все это повысило привлекательность ВУЗа перед молодежью.

## THE OWNERS OF «ALTYN BELGI «CHOSE ZHUBANOV UNIVERSITY

In the system of providing higher education Zhubanov University increases its competitiveness status. This year, to obtain high-quality knowledge, this UNIVERSITY was chosen by 5 thousand applicants. More than 200 of them - the holders of Altyn belgi. About one hundred first-course students are excellent students and winners of international competitions. Taking into account the deficit in the labor market, the University introduced new educational programs: 22 for bachelor and 10 for master. All this increased the attractiveness of the University to the youth+.

## ГРЕК-РИМ КҮРЕСІНЕН ОЛИМПИАДАҒА ЖОЛДАМА

Күрес түрлерінен Нұр-Сұлтан қаласында өткен әлем чемпионатында 60 келіде белдесken Мейрамбек Айнағұлов Қазақстан қоржынына 2020 жылы өтетін Олимпиадаға алғашқы жолдама түсірді. Бұл табыс оның ширек финалда хорватиялық Иван Лизатовичпен күресудегі 10:0 есебімен таза жеңісінің нәтижесі. 25 жасар спортшы Ақтөбенің Шалқарында туып-өскен, 2017 жылы өткен әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Азия чемпионаты мен ойындарының қола жүлдегері. Спортшыны Оңдасын Оразалин Фейсбук парақшасында құттықтап, жүрекжарды лебізін білдірді. «Айналайын, Мейрамбек! Бүгінгі жеңісің құтты болсын! Бұл жеңіс Ақтөбе өңірі үшін ғана емес, бүкіл қазақ елінің қуанышы, мерейі деп білемін. Күні кеше ғана алғашқы қарсыласыңмен өткен жарысқа өзің қатысып, тілекші болған едім. Алдағы Олимпиадада жұлдызың жарқырап, қазақ елінің көк туын биіктен желбіретесің деп сенемін. Қуаныш көбейсін, мерейің үстем болсын!»,- деп жазды аймақ басшысы.

## ПУТЕВКА НА ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ ПО ГРЕКО-РИМСКОЙ БОРЬБЕ

Первую лицензию на Олимпийские игры-2020 Казахстану принёс актюбинец Мейрамбек Айнагулов, победив в Чемпионате мира по борьбе в весе 60 кг. Соревнования проходили в Нур-Султане. В финальной схватке с хорватским Иваном Лизатовичем наш спортсмен со счетом 10:0 одержал чистую победу. 25-летний М.Айнагулов родился и вырос в г.Шалкар. В 2017 году он стал серебряным призером Чемпионата мира, бронзовый призёр Азиатского Чемпионата и игр. Борца с путёвкой на Олимпиаду на своей страничке в Фейсбуке поздравил глава региона Ондасын Уразалин: «Дорогой Мейрамбек, искренне поздравляю тебя с сегодняшней победой! Это - победа не только Актюбинской области, но и всего казахского народа.

Вчера я был свидетелем твоей победы над первым соперником и ты первым из борцов завоевал лицензию на Олимпиаду-2020. Уверен, что на предстоящей Олимпиаде зажжется твоя звезда, и благодаря твоим победам в Токио будет развеваться казахстанский флаг. Пусть приумножаются твои силы, а жизнь будет полна радостных и ярких моментов!»



## TICKET TO THE OLYMPIC GAMES IN GRECO-ROMAN WRESTLING

The first license for the Olympic games-2020 brought to Kazakhstan, the Aktobe Meirambek Ainagulov, winning the world wrestling Championship in the weight category of 60 kg. the Competition was held in the Nur-Sultan. In the final match with Croatian Ivan Lizatovich our sportsman with the account 10:0 won a clear victory. 25-year-old M. Ainagulov was born and raised in Shalkar. In 2017, he won silver at the world Championships, bronze at the Asian Championships and games. The wrestler with the permit on the Olympic games on the page on Facebook was congratulated by the head of the region Ondasyn Urazalin: «Dear Meyrambek, I sincerely congratulate you on today's victory! It is a victory not only of Aktobe region, but also of all Kazakh nation.

Yesterday I witnessed your victory over the first rival and you the first of wrestlers won the license for the Olympic games-2020. I am sure that your star will be lit at the upcoming Olympics, and thanks to your victories the Kazakh flag will fly in Tokyo. Let your strength increase, and life will be full of joyful and bright moments!»



## ☑ Ай адамы ☑ Человек месяца

**«Өмірдің менен алғаны да, бергені де көп. Мен бүгін, 80-ге келген күнімде бақыттымын. Француз философы Вольтер айтады: «Әр уақытта да мен бүгін бақыттымын деңіз, ертеңгі күн тағдырдың қолында» деп. Екі ұлым, бір қызым бар. Ақсұңқар деген немеремді тәрбиелеп жүрмін. 6 айлығынан қолымызда. Әжесі екеуміз үшін бұл қызық, бұл – эксперимент. Қазақша ертегі, қазақша әңгіме айтып өсірдік. Жасы 13-ке келді. Алматыға алып кеткісі келген мамасына: «Бара алмаймын, ата-әжемді қалай тастаймын»,-деді. ..Бүгін елдің құрметіне бөленіп отырмын, ризамын.**

# Бүгін бақыттымын

Халық арасында тірі энциклопедия атанған белгілі қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталы өзінің 80 жасқа толу құрметіне орай ұйымдастырылған салтанатты шарада осылай деп толқыды.

Алаш абызының тойына елімiздің белгілі қоғам қайраткерлері, шығармашылық зиялы қауым өкілдері Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов, Әлихан Бәйменов, Ханбиби Есенғаракызы, Ирак Елекеев т.б қатысты. Шәкірті, Жұбанов университетінің түлегі, Ақтөбе облысының әкімі Ондасын Оразалин дәл туған күні 10-шы қыркүйекте Амангелді Әбдірахманұлын отбасы ортасында құттықтап, иығына шапан жапты. «Адамның адамгершілігі мен ізгі қадір-қасиеттері оның жан дүниесінің тазалығында, бекзат болмысында, адалдығы мен қайраткерлігінде. Бүгін мерейлі 80 жасқа толған Амангелді Әбдірахманұлын туған күнімен құттықтадым! Барша қазақ жұртшылығы Амангелді Әбдірахманұлын ғалымдық пен зиялылықты ұштастырған, елінің ардақты азаматы, танымал тұлға, зерделі ғалым, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде құрметтеп, мақтаныш тұтады. Ағамызға зор денсаулық, отбасына амандық, мәртебелі ғұмыр, бақ-береке тілеймін!» деп өңір басшысы ғаламтордағы әлеуметтік парақшасында ақжарма тілегін жазды. Ұстазының ұстаздық мәртебесін көтерген қара шаңырақ Жұбанов университетінде өткен тойда қасында болып, құрмет көрсетті. О.Оразалин Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын жеткізді. «Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, білікті ғалым, белгілі ұстаз, ұлтжанды тұлға ретінде ел дамуына қосқан үлесіңіз өте көп. Қазақ руханияты туралы айтқан салмақты ойларыңыз бен парасатты пайымдарыңыз өскелең ұрпаққа жол көрсетер құнды дүниелер деп білеміз. Ұзақ жылдар бойы ұстаздық еттіңіз, шәкірт тәрбиелеу ісін абыройлы атқарған жансыз. Ғылым жолындағы еңбектеріңіз де бір төбе. Парламент Мәжілісі қабырғасында атқарған елеулі қызметіңізді қалың жұртшылық жақсы біледі. Заң шығару ісіне белсене араласып, еліміздің қоғамдық, саяси өміріне сіңірген еңбегіңіз жас буын үшін жақсы өнеге», - деп жазылған онда. Сондай-ақ, ҚР Парламент Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматуллин, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің де құттықтаулары оқылды.

Ақын Мұхтар Шаханов арнайы жазған өлеңін сыйлады, Әлихан Бәйменов «Абыз. Осы сөзді естігенде менің ойыма қазіргі заман тұлғаларынан бірден Амангелді Айталы келеді. Табиғатынан философ, терең ойды іждахатты ғылыми ізденіспен дамыта жалқы оқиғалар мен құбылыстардан жалпы заңдылықтар мен үрдістерді түйе білетін Амангелді Әбдрахманұлын мен Қазақстандағы бүгінгі әлеуметтану, әсіресе қазақты тану ғалымдарының көш басшысы деп білемін. «Біз кімбіз?» деген сұрақ ұлттар үшін әркез өзекті. Бүгінгі қазақ қоғамы тұрғысында оған ғылыми негізделген, ұлттың өткен жолы мен қазіргі кешіп отырған күйін сабақтастыра, құндылықтар мен институттар әсерін ескере отырып терең де нақты, кешенді де анық түсініктеме бере алатын екі адам болса, бірі — Амангелді ақсақал, жалғыз болса – ол да Әбекең. Бодандықтан шайылған құндылықтармен дұбара болып шыққан қазақ қоғамында 30 жыл өтсе де өзекті бір мәселе бар. Біздегі көптеген көзі ашықтың көкірегі оянбаған да, көкірегі оялудың біразына терең білім, көзашықтық жетіспейді. Меңдеген дерттей қоғамдық сананы азғындатып, ұлттың абыройы, мемлекеттігіміздің болашағы мен қауіпсіздігіне қатерлі деңгейдегі жемқорлықпен бірге бұл мәселе ұлттық мүддеге жұмыла жұмыс жасауда тұсау болып тұр. Бұл тұрғыдан алғанда да ұлтжанды жүрегі нұрлы ақыл, терең ой мен парасатына адастырмас темірқазығы болған Әбекең таразының екі басын тең ұстаған үлгі тұтар қайраткер. Дербес, мемлекетке тәуелсіз қаржы көздерінің жоққа тән болуы біздегі шынайы әлеуметтану ғылымының дамуын тежеуде (бұл саяси ұйымдар мен ақпарат құралдары үшін де өзекті. Оны реті келгенде тарқатармыз). Сондықтан да кей зерттеулердің түйінін авторлар не ұжым аты аталысымен болжауға болады. Бұл істе де Әбекең шынайы ғылыми ұстаным, ғылым этикасын басшылыққа алудың үлгісі»,-деп тебіренді. Университет ректоры Бауыржан Ердембеков «Сіздей қайраткерліктің рухы дарыған ұлт азаматымен әріптес болу менің де, менің әріптестерім үшін де мәртебе. Сіз жүріп өткен асулар, сіздің қызметтеріңізге куә болған уақыт бізге де күш-қуат береді. Ақыл-парасаттың алыбына айналған өр тұлғаңыз аман болсын» - деп тілесе, «Абызымыздың қадіріне жете алдық па?Астанада қалып, Евразия университетінің студенттеріне дәріс оқығанында қазақ елі көп нәрседен ұтар еді. Мұндай ғұламаның алдын көру, тәлімін алу көптің




арманы. Жұбанов атындағы университетінің студенттері бақытты деп ойлаймын!» деген ізгі назын білдірді Ханбибі Есенқараева ақын.

«Әлихан Баймевов ағамыз бізді көргенде: «Мен бүгінгі мерейтойға дін өкілдері келуі керек қой деп ойлап едім», — деп ағынан жарылды. Олай деп айтуының да себебі бар. Өйткені, Амангелді Әбдірахманұлы соңғы жылдары дін мәселелерін жиі қозғап, осы тақырыпта қалам тербеп, дәріс беріп жүр. Амангелді аға «Нұр Ғасыр» мешітінің қоғамдық шараларына белсене араласып, ағалық ақыл-кеңесін беруден жалыққан емес. Ол кісімен талқыланған тақырып мен үшін жаңа қырынан ашыла түседі. Үнемі мәселеге біз ойламаған қырынан үңілуді үйретеді. «Жақ-

## Person of the month



сымен өткізген жарты сағат жаманның өтіп кеткен өмірімен тең» деген мақал осы кісіге арналған. 2017 жылы Ақтөбе өкілдігінің бастамасымен Ақтөбеде садақа (ас) мәзірін бекіту үшін біршама іздендік. Ел ішінде әлеуметтік сауалнама жүргіздік. Арнайы конференция өткіздік. Міне, осы құдайы ас (садақа) мәзірін дайындауға ғалым ағамыз белсене араласып, қабылданған үндеуге қазақ зиялыларының еңбектерінен тұщымды пікір қоса білді. Бұл жоба республикалық деңгейде қолдау тауып, қоғамда ысырапшылдықтан арылуға деген үлкен бетбұрыс болды. Ақтөбеде медресе-колледж бар. Алайда, ол ауылдық жерде орналасқан. Сол медресе-колледждің базалық әлеуетін арттыру үшін облыс орталығына көшіру мәселесі қозғалды. Алдағы жылдары алып шаһарға айналатын Ақтөбеге мұндай ислам орталығының қажеттілігін дәлелдеп, 5 гектар жер бөлінуіне ықпал еткендердің бірі – Амангелді Айталы екенін бірі білсе, бірі білмейді. Жердің көк қағазы қолымызға тиіп, капсуласы салынғанда ағаның балаша қуанғанын көрсеңіз. Бүгінде облыс әкімі Ондасын Оразалиннің қолдауымен құрылыс жұмыстары басталып та кетті. Біздің үйде Амангелді аға тұсауын кескен бір кішкентай өсіп келеді. Ағаның жолын берсін деп ырымдап едік. Құдайдың құдіреті, екі жасқа әлі толмаған бүлдіршін кітапқа жақын. Қашан көрсең кітап арқалап жүреді. Біз секілді қаншама отбасы ұл-қызының иманды һәм ұлтжанды болып өскенін қалайды. Сондықтан әрбір қалжа жеген қазақтың анасына Амангелдідей нар тұлғалы ұл берсін деп тілеймін!», — деді құттықтау сөзінде «Нұрғасыр» мешітінің бас имамы Төлеби Оспан.

Айталы Амангелді Әбдірахманұлы 1939 жылы Ресейдің Астрахан облысы, Володар ауданында туған. Философ-ғалым Қазақстан Республикасы Парламент мәжілісіне депутат болып (1999, 2004 жж.) екі рет сайланды. Ақтөбе педагогикалық институтында (қазіргі Қ.Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік университет) аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болды. Бүгінге дейін педагогтік қызметтен қол үзген жоқ. Университетте әлеуметтік зерттеулер орталығының жетекшісі 100-ден астам ғылыми-зерттеу мақалаларының авторы. Ұлттану мен ұлт мұратына арнап жазған кітаптарының саны 5-тен асады. «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен марапатталған. Ақтөбе қаласының Құрметті азаматы. Ұлт мәселелерін өткір көтеріп, халқына адал еңбек етіп келе жатқан қазақтың айбынды ұлы – Амангелді Айталының 80-ге келген тойын Жұбанов университеті ерекше форматта өткізді. Той күні түске дейін түрлі аудиторияларда келген қонақтармен кездесулер өтіп, онда экология, әдебиет, мемлекеттік қызмет туралы толғақты тақырыптар тоғысты. Мерей той иесі де осыған риза болып, «бүгін пікірталастар күні болды, нәтижелері маған қатты ұнады», — деп көңілі тойғанын жасырмады. Түс ауа ұлтжанды азаматтың осы жасқа дейін жүріп өткен өмір жолы баяндалған «Хабар» агенттігі мерей жасқа арнап, әдейі түсірген «Қазақты намысы қамшыласын» деректі фильмінің көрсетілімі өтті. Фильмді тойда көрсетуге Нұр-Сұлтаннан арнайы әкелген агенттіктің басқарма төрағасының орынбасары Ринат Кертаев «Амангелді ағам бір әңгімесінде: «Мен үнемі костюм киіп, галстук тағып жүруге әдеттеніп қалғанмын. Бұл 20 жасымнан бастап, педагог болғанымның әсері шығар, ә», — дегені бар. Расымен, ол кісінің киімі де, мінезі де, салиқалы, парасатты сөзі де, жалпы болмысы оның ұстаз екенін айқындап тұрады. Бірде «балаларыңызды қалай тәрбиеледіңіз, аға» деп сұрағанымда, «Мен оларға ешқашан өз пікірімді, көзқарасымды тықпаламаймын. Маңызды мәселеде қабылдау керек шешімді де өздеріне қалдырамын. Бала деген — жеке тұлға. Оның ойымен, шешімімен санасу керек. Ертеңгі өмірінде ата-анасын кінәламайтындай тәрбие беру керек» деген-ді. Ойландыратын ой. Амангелді ағаның ұлттық болмыс, ұлттық рух туралы ойлары да салмақты әрі мазмұнды. «Қазақты көп сынауға қысыламын. Өйткені ол - көп қиындық көрген ұлт. Бірақ сапалы болғанын тілеймін», — дейді аға. Нағыз ел жанашырының сөзі емес пе? Амангелді ағаның ғұмыры расымен ғибаратты. Оның әңгімесінен зиялылықтың, парасаттылықтың иісі шығады. Біздің арна «Хабар» түсірген «Қазақты намыс қамшыласын» атты деректі фильмде ағамыздың қиындығы мен қызығы тең өмір жолын, ұлтқа, ұрпаққа арнаған насихатты сөзін тегіс қамтыдық. Тағы бірде о кісіден сұрағам: «Орталықтан неге алыссыз? Астанаға көшпейсіз бе?»- деп. «Мені Алматыдан Жұбанов университетіне қажетті маман ретінде жіберген кезінде 2-3 жылдан соң қайтармын деп ойлағам. Бірақ о жақтың маған деген ерекше ықыласы мені жібермеді. Қимадым. Ақтөбені, университетті кәдімгідей жақсы көремін», — деді ағам. Жиында көзім жеткені Ақтөбе жұрты да Сізді жақсы көреді екен, Аға. Сіз барша қазаққа құрметтісіз! Үлгісіз!»,-деп жылы ықыласын жеткізді. Сондай-ақ той барысында «Жұбанов» баспасынан шыққан А.Айталының «Рухани кемелділік» кітабының тұсауы кесілді.

Амангелді Айталының мерейлі жасына жас ақын, Жұбанов университетінің түлегі, ректор Бауыржан Ердембековтің шәкірті Қастербек Сайлауғазыұлы арнау өлең оқыды. «Амангелді ағамыздың өміріне қанық адамдар түйсінер, өлеңде сол кісінің тағдыры жатыр. Туған ауылы шекараның ар жағында қалды. Соғысқа кеткен әкеден жөргекте айырылды, арада жетпіс жыл өткенде хабарсыз кеткен әкенің жерленген жері табылды, сонау Украинада. Қазақты қазақ қылам деп жүрген Алаштың Айталысының сол кезде жарым көңілі бір толды, куәсі болдық... сол себепті өлең Солдаттың ұлы деп аталды...» деп Фейсбук парақшасында түсіндіріп өтті ұстаз шәкіртінің жыр жолдары жайлы. Қастербек ақын Амангелді Айталыны университетке түскен жылы іздеп, тауып алған. «Ол жайлы Дана Нұржігіттің «Айтары бар Айталы» деген телехабарынан танысып, әсер алдым. Өміртарихын оқи бастадым. Түрлі жиындардағы әңгімелерін ұйып тыңдап, қызығып жүрдім. Ақтөбеге жол түссе, сәлем беріп шығамын. Тұлғалық бейнесіне сүйсінгеннен туған арнау еді»,-дейді ол. Қастербек Сайлауғазыұлы «Шабыт» фестивалінің лауреаты, «Әр тамшысы қанымның бір-бір әріп!» деп тіл құдіреті жайлы тебіреніп жүрген, шалқар шабыт иесі.

Той өтті. Алаштың Айталысының бақытты күні. Ғибраты көңілде қалды.

(Жалғасы 6-7 беттерде)

## Солдаттың ұлы

Ұран шықты деп алыстан өктем,
Қайрат пен қанын намысқа төккен.
Сүйем жер үшін сүйегін жатқа,
Тағдырмен бірге табыстап кеткен.
Қорғаған жері қорған болмаған
Солдаттың ұлы... соғысқа кеткен.

Алғаш тай мінген талдан, шіркін деп
Жалаңтөс бала жардан іркілмек.
Балық аңқыған жағалар қалып,
Атыңа міндің арман тылсым боп,
Құшағына ендің жусанды белдің,
Жортатын жондар арлан «Ұлтым!», — деп,
Еділден көштің «Қайран да менің
Қазтуғандардан қалған жұртым...», — деп.

Сойылын соқпай әнші бақтаның,
Рухы аш елге нан сұратпадың.
Қазақтың жер, қазақтың тілі —
Жауап іздеген сан сұрақтарың...
Маңдайда бағы бес елі елге
Таңдайдан енші тамшылатқаның.
Намыспен өзін қамшылатқаның,
Сіз мініп келген белді бестіні,
Ағажан, мен де қансыратпадым.

Жәудір жанардан сырды ұққаныңыз,
Жұмбақ даладан жырды ұққаныңыз...
Шекара асып кетсе шақалақ
«Құрыдық, — дедің, — құлдық тағы-мыс...»
Ұлтыммен ғана ұл болам деген
Бірге мұңымыз, бірлікте әніміз!
Аңсатқан елді, ар жағы тұман
Ақшаңдық жолмен жүрдік бәріміз.
Қызыл сызықтың арғы бетіне
Тамғанмен алғаш кіндік қанымыз!
Тарлан тағдырлар,
Бірлікте әніміз!

**Қастербек Сайлауғазыұлы**



# Бүгін бақыттымын

(Жалғасы 6-7 беттерде)

# АМАНГЕЛДІ АЙТАЛЫ ЖАРИЯЛАРЫ

## Мемлекеттік тілдің енуіне, қолданысына аса зор мән беруіміз керек

**28 қараша 2013 жыл. Baq.kz**

Біз Ресей империясының отарланған көп ұлтының бірі болдық. 1897 жылы Ресейде тұңғыш рет халық санағы жүрген. Сол халық санағының материалдары бойынша 1897 жылы Оңтүстік өңірлерді айтпағанда, қазіргі Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Орталық Қазақстанда қазақтардың саны 72 пайыз болған. Ал, орыс ұлтының саны 10-15 пайыз болған, қалғандары басқа халықтар болған. Сол 72 пайыз болып тұрған кезінде, мен Оңтүстік Қазақстанды айтпаймын, оларда жағдай одан да жақсы, олар басқа тізімменен кеткен халық санағында. Сол қазақ халқы тұтастай ана тілінде сөйлеген және тағы бір көңіл аударатын жағдай, соның 2 пайызы қалада, 98 пайызы ауылда тұрған. Ұлттық тіл, ұлттық діл, ұлттық дәстүр қазақта ол тұста кәдімгі қаймағын сақтап тұрған кезі. Енді кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1926 жылы тағы санақ өткен. Бұл санақ бойынша қазақтар, осы қазіргі Қазақстан шекарасында елу сегізден оннан бес пайызға тұрған. Қалғаны, басқа ұлттар, соның ішінде жиырма да оннан алты пайызы орыстар болған. Осы екі аралықта 1916 жылы Ұлт азаттық қозғалысы, Азамат соғысы болды. Осы аралықта патша үкіметі қаптатып келімсектерді Қазақстанға көшірді. Міне, осындай саясаттың әсерінен қазақ елу сегізден оннан бес пайызға төмен түсті. 1939 жылы тағы халық санағы болды. Ол санақта қазақ отыз жеті де оннан сегіз пайызға жеткен. Көріп отырсыз ба, осы екі орталықта ашаршылық болып қазақтың біразы шетелге қоныс аударды, біразы қуғын-сүргінге ұшырады. Сондықтан қазақ өз елінде азшылық топқа айналды. 1959 жылы тағы да халық санағы болды. Онда қазақ отыз пайызға дейін төмен түсті. Бұл қазақ халқының сан жағынан да, сапа жағынан да құлдырағанын осы 1959 жылғы санақ көрсетті. Қазақ өзгерді, Қазақстан өзгерді. Қазақтың елі, мұсылманның елі болмады. Қазақстанның 30 пайызы басқа ұлттар болды. Орыс тілді мемлекетке айналған соң қазақ өз елінде жалтақ ұлт болды. Қазақ менің тілімді біл, менің дәстүрімді сыйла, әдебиетімді оқы деп ширене алмады.



Қазақ 30 пайызға, оның 43 пайызы орыс болғандықтан, соларға жалтақтады. Олардың арасында неміс, поляк, украин болды. Сондықтан қазақтың білімі, дәстүрі, діні орыстанды. Қазақстанның әрбір облыстары шамалы ғана ұлттық топқа айналды. Сол тұста Кеңес үкіметінде Қазақстан деген республиканың болуы дұрыс па деген мәселе қойылды. Себебі, 70 пайызы басқа ұлт болғаннан кейін ұлттық республика болып аталуы дұрыс болмас деген ұсыныстар айтылды. Сол тұста Никита Хрущев Қазақстанның 5 облысын, орыстар басым облыстар деп Ресейге қосу туралы ұсыныс жасады. Бұл мына Қостанай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар секілді облыстар. Міне, осылайша қазақ халқының басына үлкен қауіп төнді. Шын мәнісінде біз басқа елге айналдық. Осы тұста Қазақстанның сол кездегі Министрлер кеңесінің төрағасы Жұмабек Тәшенов тайсалмастан Хрущевпен айтысқа түсіп, 5 облысты жақтап қалды. Себебі Тәшенов: «Бұл Қазақстанның территориясы, бұлай бөлуге болмайды, ол үшін КСРО-ның Конституциясын өзгерту керек, Қазақстанның Конституциясын өзгерту керек. Қазақтың жерін бөліп алып Ресейге қосса, ертең басқа бір жерді бөліп алып Ресейге қосса, басқа ұлттар не ойлайды? Әлем не ойлайды, мұның салмағы мен саяси салдары қалай болады» деген кезде Хрущев помидордай қызарады. Бетіне ешкім қарамаған адам ғой, айтқаны болып, алдымен Қонаевтың келісімін алған. Міне осындай жағдайда еліміздің тұтастығын сақтап қалған азамат сол Тәшенов еді. Көп ұзамай ол қызметінен босады, бірақ елін сақтап қалды.

...Өзімнің жеке басымның қауіптенетін тұстары бар. Қауіп неден? Мынау соңғы халық санағы бойынша 1989 жылы қазақ 40 пайыз болды. 1999 жылы 13 пайызға өсті. Ал 2009 жылы тағы он пайызға өсіп отыр. Он жыл сайын қазақтың саны он пайызға өсіп отыр. Енді 2019 жылы тағы халық санағы болады. Сонда қазақтар 70-тің үстіне шығады, сөз жоқ. Он адамның жетеуі Қазақстанда қазақ бола тұрып, іс қағазын орыс тілінде сайратса, бүгінгі жастар бұған үлкен қарсылық білдіреді. Баяғы Кеңес заманында тәрбиелеген ұрпақ кетіп жатыр. Олар қазақ тіліне жаны көп ашымайтын ұрпақ еді, біртіндеп азайып барады. Ал енді қазақ мектебін, қазақша жоғары оқу орнын бітірген жастарға біз бүгінгідей орыс тілін таңсақ, елде үлкен



қарсылық тууы мүмкін. Мұның алдын бүгін алуымыз керек. Осының төңірегінде терең ойлансақ деймін. Ал екінші жағын қараңыз, 1989 жылы орыстар 37 пайыз болды Қазақстанда, 1999 жылы жеті пайызға кеміді. 2009 жылы тағы жеті пайызға кеміді. 2019 жылы тағы кеміді. Әр он жылда қазақ ұлты он пайыз өсіп тұрса, орыстар жеті пайыз кеміп, жағдай өзгеруде. Демек, біз бірыңғай бір ұлттық мемлекетке айналып келеміз. Сондықтан біз бүгінгі күні демографиялық жағдайды есептей отырып, мемлекеттік тілдің енуіне, қолданысына аса зор мән беруіміз керек. Аса зор!

## Сенім — тұтастық пен бірліктің кепілі

**22 желтоқсан 2016 жыл. Ult.kz**

Дін тұрғысынан «бүгін Еуропаның келбеті өзгеруде, кейде, тіпті, христиандықтан кейінгі Еуропа» деп жатады, христиандық құндылықтар өз мәнін жоя бастаған. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Парламент делегациясының құрамында Бельгия Корольдігіне ресми сапармен барғанымызда, біз үшін өте ыңғайсыз жағдайдың үстінен шықтық. Бағдарламаға сәйкес, бізді Антверпен қаласының губернаторы қабылдады. Қабылдаудан кейін ғимараттың бір шетінде салтанатты шара өтіп жатырғанын байқадық: музыка, ду қол шапалақ. Барсақ, екі жігіт некелесіп, достары, туыстары оларды құттықтап жатыр екен. Жындыханада болғандай әсер алып сыртқа шықтық. Келесі кездесуіміз қаланың священнигімен еді, ол бізді күтіп отыр екен. Алғашқы сауалымыз біржынысты неке туралы болды. Священник «Біздің қоғам азды. Жаратушы біреуімізді ер, екіншімізді әйел етіп, жұптасып, отбасын құрып, ұрпақ өсіруге бұйырды. Біз болсақ, біржынысты некені заңдастырып, Жаратушыға, табиғатқа қарсы іс жасап жатырмыз» – деді. «Сіздер, – деп сөзін жалғастырды ол, – депутат екенсіздер, біржынысты некені қолдайтын заң қабылдамаңыздар. Естеріңізде болсын, сіздер құрметтеп қарсы алып, қонақ қылып жүрген біздің лауазымды адамдар, депутаттар, министрлер, басқалардың да бірқатары біржыныстық некеде тұрады. Сіздер оны білмейтін

де шығарсыз».

Демократияның екінші жағы да бар. Еркіндік әкесінің қызына үйленуіне, баласының анасына үйленуіне, еркек пен еркек, әйел мен әйелдің некелесуіне, денем өзімдікі деп, оны сатып жезөкше болып, табыс табуға жағдай туғызып отыр. Еуропада балалардың 30% некеге тұрмағандардан туады. АҚШ-та балалардың тек 50% әкесі, не анасы бар, жалғыз бастылар көбеюде. Әрине, Еуропада шынайы христиандық та бар, тақуа, құлықты, діндар азаматтар да көп. Сондықтан, христиан дініне деген салқындыққа, бұл рухани дағдарысқа үлкен алаңдаушылық білдіріп, адамгершіліктің қазығын Еуропа да діннен іздеуде.

Ғылыми әдебиетте шынайы діндар адамдар мен дінде жоқ адамдардың кісілік қасиеттері туралы пікірталастар толастар емес. Шынайы діндар адамдарға тән мейірімділік, рақымдылық, риясыз шын көңіл, қайырымдылық, ықыластылық, кішіпейілділік, өкіну, опық жеу шынайы діндарларға да, дінде жоқтағыларға да тән болғандықтан біреулер дінде жоқ адамдар болмайды десе, екіншілері құдайсыз да әділ қоғам құруға болады деседі.

Жеке адамның дін таңдауына хұқы бар. Ал, тұтастай дінінен айырылған ұлт, ұлттық қасиетінен, мемлекетінен айырылады. Психология ғылымында Томас теоремасы деген қағида бар. Мысалы, банктің болашағына сенбей, салымшылар өздерінің қаржыларын ала берсе банкротқа ұшырайды. Сол сияқты тілінен безіп, дінінен, ділінен шыққандар көбейе берсе, сан сапаға айналып, ұлт бірте-бірте ыдырай береді, мемлекет те күйрейді. Сенім — тұтастық пен бірліктің кепілі.

## Рухани кемелділік

**2 ақпан 2018 жыл. «Егемен Қазақстан» газеті.**

Идеологиялық тәрбие жұмысында қандай да құнды идея болмасын, адамдарды жалықтырып қайталана берсе, өзінің алғашқы құндылығынан айырылады. Осы мәселеге байланысты Қожанасырдың «Үйрек сорпасы» деген әңгімесі сабақ аларлық. Оған алыстан туысы сыйға үйрек әкеліпті. Қуанған Қожанасыр қонағымен бірге оны пісіріп жейді. Кейін оның үйіне адамдар үйрек әкелген туысының досымыз, досының досымыз деп келе береді. Бірақ ешқайсысы да сыйлық әкелмейді. Тағаты кетіп шаршап отырғанда тағы да бір бөтен адам келіп, «мен саған үйрек әкелген туысқаныңыздың досының досының досымын» деп, тамақ дәметіп отырып алады. Сонда Қожанасыр оның алдына бір аяқ ыссы су қойыпты. «Бұл не?» деп сұраған қонаққа: «Бұл менің туысқаным әкелген үйректің сорпасының сорпасының сорпасы», — депті. Тағамның қазанда қайта-қайта қайнай берген сайын дәмді әсері кететіні сияқты, жаттанды сөздердің де қайталана беруі мәселенің мәнін жояды, қоғамды зеріктіріп, мезі қылады.



Рухы биік, озық ойлы адам ерекше қабілетімен басқалар сезбегенді сезіп, адамдар ақылының жетілмегенінің себептерін де біліп отырады, жетілдіру жолдарын іздейді. Қожанасыр қайыршы бейнесінде бір байдың есігін қағады. Үй иесі терезеден кім келгенін көреді де, қызметшісіне «Мені үйде жоқ де», деп жауап бер» дейді. Бірақ оны үйде екенін терезеден байқап қалған Қожанасыр айқайлап: «Өте жақсы. Ол маған ешқандай көмек жасамаса да, мен оған бір кеңес берейін. Сен оған айт: «Келесіде үйден кеткенде, терезеде өз бетін қалдырмасын, біреулер ұрлап алар», — депті.

Шыншыл Қожанасыр өткір әзілмен рухы жоқ, намыссыз, екіжүзді пенделерді сынап отыр. «Мен депутат емес кезімде көп ойымды ашық айтушы едім, депутат болған соң аузым буулы, көп пікірім ішімде өліп жатыр» деген бір депутат. Осылай азаматтық бетпердесі тұмшаланыпты, Қожанасыр айтқандай «бетін ұрлап алыпты». Біздің заман рухы төмен, табан тірейтін ұстанымы жоқ адамдарды мансап билейтін заман ба? Жоқ, ұлттық рухтың өзегі, арқауы елді түгел аздыруға қай заманда да жібермеген. Дегенмен, олардың көбеюі үлкен қауіп туғызады.

Жеке адамның да, қоғамның да санасының жаңаруы оның білімділігінің деңгейі мен адамдардың ғылыми сауаттылығына байланысты деген ой басым. Ол дұрыс та. Дегенмен, рухани кемелділік адамның тек интеллект деңгейіне қарап емес, ішкі дүниесіне, рухани қасиеттерімен өлшенеді. Жаппай қырып-жоятын қаруларды жасағандар жоғары интеллекті иелері еді.

Әдетте адамдар дағдыға айналған дайын үлгілерден, шаблонды ойлаудан аса алмайды, тіпті құлша еліктеуге үйренген, басқаша ойлай бермейді. Қожанасыр, мысалы, өмірде барлығы мызғымас себеп-салдар тізбегі арқылы алдын ала анықталып қойған дейтін көзқарасты жоққа шығарады. Ол мынадай мысалға жүгінеді. Тар көшеде келе жатқан Қожанасырға үйдің шатырынан бір адам құлайды. Бірақ құлаған адамға ешқандай зақым келмепті, ал молла емханадан бірақ шыққан. «Осы уақиғадан қандай қорытынды шығардыңыз?» деген шәкірттерінің сұрағына ол «Адам шарасыз, тағдырдың бұйырғаны ғана болады деген ойдан аулақ болыңыз. Себептің соңынан күткендей салдар келе бермейді. Шатырдан құлаған адамның мойны үзіледі деген теориялық мәселеден аулақ болыңыз. Адам шатырдан құлады, бірақ оның емес, менің мойным үзілді», — депті. Дағдыға айналған үлгілермен ойлайтын адамдар сәтті өмір сүре де берер, бірақ айналасында болып жатқан көп жағдайларды сезбейді, демек ойы шектеулі, рухы төмен деген ой түйеді Қожанасыр. 30-жылдары елімізде қуғын-сүргін, жаза көп болды, бірақ ол қылмыстың салдары емес еді. Бүгін қылмыс жасаушылар көп болғанмен біз күткендей әділ жаза бола бермейді. Заңға сенім болмаған елде халықтың рухы төмен болатыны белгілі.

## Бақытын шетелден іздейді

**21 шілде 2010. egemen.kz**

Америка ғалымдарының зерттеуі бойынша, жалпы адам капиталы терең дамуы үшін сәбиге 4 жасқа дейінгі жұмсалған қаржы ең тиімді инвестиция саналады екен. Оның әсері көзге көрінбегенмен де, қайтарымы 1 долларға – 5 доллар болады. Егер, 1 млрд. жұмсалса, қайта-



рымы – 5 млрд. Біз бүгінде балалар бақшасы мәселесін көтеріп жүрміз ғой. Елдің үлкен болашағы, міне, осында жатыр. Кедей елдер, балабақшасы дұрыс қолға алынбаған елдер дұрыс дамымай, қайыршы мемлекет болып қала береді. Сондықтан, бұл біз үшін үлкен сабақ. Сонымен бірге, баланың екінші даму кезеңі бар. Ол 11 жасқа дейінгі мерзімді көрсетеді. Осы кезде, яғни 4 пен 11 жас аралығында екінші үлкен инвестиция құю керек. Себебі, 11 жасқа келген баланың қандай азамат болатыны белгілі. Не ол іздеңгіш, шығармашылықпен айналысатын адам екені белгілі болады, не ол керітартпа мінезді азамат екені айқындалады. Осы стереотип 11 жаста қалыптасады. XIX ғасырдың 70-ші жылдарының аяғында, 80-ші жылдарының басында Америка Құрама Штаттарында мектепке дейінгі, мектеп жасындағы және мектептен кейінгі бір балаға ол азамат болып кеткенге дейін мемлекет және жеке ата-аналар бөлетін қаржы көлемі бір жылға 400 мың долларды құраған екен. Яғни, сол 400 мың доллар жұмсалған кезде ол бала колледж бітіреді. Мектепке дейінгі сатылардан өтеді. 12 жылдық білім кейін оның қалыптасуына өз әсерін тигізеді. Міне, бойына 400 мың доллар қаржы жұмсалып, білім алған жас көне техникамен жұмыс жасамайды. Аз еңбекақыға қызмет етпейді. Мұны америкалық ғалымдар жақсы білді. Бойында білімі бар, өзін-өзі сыйлайтын адам біреудің алдында төмендемейді. Керісінше, өзін сыйлайтын, жоғары еңбекақы төлейтін мемлекетті іздейді. Ол өз бақытын шет елден іздейді.

## Жанайын деп тұрған жүрекке от беретін мамандық

**Сонда.** Білім саласындағы мамандарға жоғары еңбекақы төлеу керек деген әңгіменің айтылып жүргені шындық. Бұл, әрине, құптарлық жәйт. Себебі, білімді, тәжірибесі мол, талантты, ар-намысы бар мұғалім мектептер мен жоғары оқу орындарына келмейінше, оқушылардың да, студенттердің де білім деңгейі жоғары болмайтыны белгілі жәйт. Әрине, білім саласы мамандарын қолдау ұлттық саясатқа, ұлттық ұстанымға айналсын дейік. Мұғалімдердің еңбекақысын мектеп болсын, университет болсын, өсірейік. Бірақ, қауіп бар. Мұғалімдердің еңбекақысы мектепте де, жоғары оқу орындарында да жоғары деп, шынымен де өңкей талантсыздар мен дарынсыздардың білім ордаларына ағылып жүрмесіне кім кепіл? Яғни, мұның екінші жағы тағы да бар. Сондықтан, көптеген постсоциалистік кеңістіктегі елдер, әсіресе, Ресей мұғалім мамандығын таңдауға өте зор мән беріп отыр. Тіпті мынандай бір пікір айтылуда: "Мұғалімдерді ғарышкерлер секілді шертіп-шертіп таңдау керек" деген. Себебі, жанайын деп тұрған жүрекке от беретін мамандық сол. Әрине, оның еңбекақысы жоғары болуы керек. Бұл – ерекше мамандық. Алайда, біз осы мамандықтың қадірін кетіріп алғандаймыз. Сондықтан, ұлт мектебі дұрысталуы керек. Орта мектеп болсын, университет болсын.

**Дайындаған**
**Гүлнара Қараша**

☑ Білім беру сапасы ☑ Качество образования ☑ Guality of education

# «БІЛІМ САПАСЫ» ЖЫЛЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



**Елімізде және өңірде инновациялық өзгерістерді жүзеге асыратын адами капитал қалыптастыру миссиясы жолында аянбай тер төгуге буынған Жұбанов университеті келешекте Қазақстандағы тұғырлы оқу орны дәрежесіне жетуді мақсат тұтады. Мақсатқа жетер жол айқын. Ерік-жігер мықты. Еңбектене беру толастамау керек.**

**Өткен 2018-2019 оқу жылы оқу процесінің сапасын арттыруға бағытталды. Бағытты, кешенді жұмыстар атқарылды. Нәтижесі шығарылды. 1-қыркүйек — Білім мерекесінде озықтардың аты аталып, марапат сыйлықтар тапсырылды. Сапа жылын ұтымды ұйымдастыру көші басында болған оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Бибігүл Абеновамен сұқбаттасып, толығырақ мағлұматтануды жөн санадық.**

**— Бибігүл Сейілқызы, алдымен «Білім сапасы» жылының жеңімпаздарын құттықтап қойсақ...**

— Әрине, оқу процесінің сапалылығы басты көрсеткіш десе болады, алға суырылып, үлкен жұмыс жасаған, үлгі көрсеткен факультеттер ұжымын құттықтаймын! 1-орынды физика-математика факультеті, 2-орынды филология факультеті, 3-орынды экономика-құқық факультеті иемденді. Кафедралар арасынан да үздіктерді анықтадық. Өзіңізге белгілі бізде 25 кафедра бар. Олардың ішінен «Экономика және менеджмент» кафедрасы (1-орын), «Информатика және ақпараттық технологиялар» кафедрасы (2-орын), «Психология және арнайы білім» кафедрасы (3-орын) жоғары нәтиже көрсетті. Жеңімпаздар университет ректоры тарапынан моноблоктармен марапатталды. Біріншілерге – үш моноблоктан, екіншілерге – екі моноблоктан, үшіншілерге – 1 моноблоктан берілді. Бұл материалдық қолдау жаңа оқу жылында алдағы табыстарына жетелейді деп сенемін.

**— «Білім сапасы» жылының лидерлерін анықтау барысын әңгімелей кетсеңіз.**

— Білім сапасын көтеру тек сапа жылында емес, бұл бағыттағы дамыту жұмыстары ылғи жүріп отырады, ешқашан толастамайды. Сапа анықтауда әлемде қолданылатын KPI (ағылш. Key Performance Indicators) – қызмет тиімділігінің кілттік көрсеткіштеріне сүйенеміз. Оны қазір стратегиялық және тактикалық мақсаттарға жету үшін әр мекеме қолданады десе болады. Әзірге сапалық көрсеткішті 19 критерий бойынша бағаладық. Олар: білім алушылар контингенті, грант иегерлері, шетелдік студенттердің саны, көптілді бағдарламалар, қосдипломды білім бағдарламасы, академиялық ұтқырлық, мақсатты капиталға арналған эндаумент-қорының болуы, жаңа кабинеттер, т.б. Яғни факультет дамуын айқындайтын жұмыстар тізімі. Жаңа оқу жылында критерийлер саны өзгеруі мүмкін.

**— Жаңа оқу жылында біраз түбегейлі өзгерістер болып жатыр ғой..**

— Ия, тың жаңалықтар бар, енді мамандыққа лицензия бермейді, лицензияларды білім беру қызметіндегі бағыттарға береді. Бұрын университет 8 бағыт бойынша білім беру қызметін жүзеге асырса, енді биылғы оқу жылынан бастап 25 бағыт бойынша жүзеге асады. Оның ішінде мамандықтардың білім топтары тұр. Бұрынғыдай «мамандық» деп сөйлемейміз, мамандықтарды «білім бағдарламалары» дейміз. Білім бағдарламаларының топтары әр бағдарламаның ішінде тұрады. Мысалы, қазақстандық классификаторда бар мамандықтар, бізде бар мамандықтар, классификаторда жоқ мамандықтар, барлығы 118 білім бағдарламасын биыл ұлттық реестрге енгіздік. Бакалаврит бойынша 72 білім бағдарламасы, оның 6-ы инновациялық. Инновациялық мамандықтарға Қазақстанның бірде бір оқу орнында жоқ мамандықтар кіреді. Олардың ішінде цифрлық лингвистика, экоэнергетика, экотехнология, компьютерлік инженерия, химиялық инженерия, қазақ, орыс тілдері және әдебиеті. Бұрын бұл тізімде соңғы аталған мамандықтар бөлек дайындалатын, оған талапкерлер келмейтін, орыс тілі мұғалімі мамандығы бойынша сұранысты жаба алмай отыр едік, себебі университеттің басты контингенті — ауыл балалары орыс тілінен профильдік пәннен ҰБТ тапсырғысы келмейтін, қорқатын. Қазір сол екі мамандықты біріктіру арқылы инновациялық білім бағдарламасын жасақтап, ұсындық. Ұлттық реестрге өтті. Ал 13 жаңа білім бағдарламасы, бізде жоқ, қазақстандық классификаторда бар мамандықтар. Бұл мамандықтардың бәріне қабылдау жүрді. Талапкерлер келді. Оған бұрынғы қолданыстағы 57 оқу бағдарламасын қосайық.

**— Білім сапасы емтихан нәтижелері арқылы көрініп отырады ғой. Дегенмен бағалау объективтілігі жағынан күмән тудыратыны жасырын емес..**

— Былтырғы оқу жылы басында ректор «Білім сапасы» жылын ресми жариялағаннан кейін сәйкесінше білім сапасын тек процентпен көбейту емес, нақты мазмұндық сапаға әкелу бағытында жұмыс бастадық. Университеттің академиялық саясатына кейбір өзгерістер енді. Мысалы, білім беру процесін бақылау процесінен ажырату, яғни сол пәннен сабақ берген оқытушылар емтиханды өздері қабылдай алған жоқ. Барлық емтихандар жазбаша алынды. Мемлекеттік емтихандар мен қорытынды мемлекеттік аттестация емтихандары ғана, сосын кейбір шығармашылық мамандықтардың емтихандары өздері бекітілген формамен жүрді. Ал қалғандары жазба емтихан деңгейінде өтті. Бұл студенттердің ештеңеге алаңдамай, тек жинақтаған біліміне сенуге мәжбүр етті. Оның үстіне емтихан жүрген аудиторияларда арнайы желілік бәсеңдеткіш қойылды, кезекшілер тұрды, білім беру процесін ұйымдастыру департаменті бақылады. Нәтижесінде өткен оқу жылымен салыстырғанда сапа көрсеткішінің сәл төмендегенін байқадық. Ойлаймыз бұл нақты, кәдімгі мазмұнды бағалану деп. Сонымен қатар сапа жылында университет бойынша бейне бақылау камералары орнатылды, ситуациялық орталық құрылды, бұл сабақ процесі қалай өтіп жатыр, соны бақылап, кешігу т.б оқу процесіне кедергі келтіретін жайттарды болдырмау үшін ұйымдастырылған шаралар.

Осы ретте GPA-білім алушылардың орташа балы жайлы сөз ете кетейін. Сапа жылына орай GPA мөлшерін көбейттік. Егер бұрынғыша студенттің курстан курсқа көшуі үшін GPA мөлшері 1,8 болса, ол 2-ге жоғарылады. Биыл күндізгі бөлімнің 50 шақты студенті GPA мөлшерінің төмендігінен курстан курсқа жіберілмеді. Олар үшін, әрине, 1-1,5 ай жазғы семестр ұйымдастырылды. Кейбірі соған барып, білім көрсеткішін талап етілген деңгейге көтере алды. Қалғандары курсты қайта оқитын болды. Негізі кредиттік оқу жүйесінде GPA мөлшері бұрыннан бар. Біздің қосқанымыз – мөлшерін көбейткеніміз.

**— Жоғарыда сіз атаған білім бағдарламалары қалай жасақталды? Басым назар неге аударылды?**

— Мен айтқан инновациялығы да, жаңасы да өндіріс өкілдерінің қатысуы арқылы жасалды, олардың ұсынған пәндерін жоспарға кіргіздік, өндіріс орны біледі ғой өзіне қандай маман керек екенін. Кейбір компаниялар бізден бітіріп барған мамандардың кемшін тұстарын атап, өздері тарапынан пән ұсынды. Негізі маман бойында құзыреттілікті қалыптастыратын оның мамандығы бойынша оқитын пәні. Барлығы 114 мекеме білім бағдарламаларын жасауға ат салысты. Іштерінде мектептер де бар. Бұл ауқымды жұмыс жүргізер алдында әр факультетке барып, мәжіліс өткіздім. Стейкхолдерлердің (болашақ мамандарға мүдделілер) араласуымен траекториялар да енгіздік. Бұрын есіңізде болса бұл мамандану деп аталатын. Қазіргі атауы — траектория. Бұрынша айтсақ, 38 мамандықта 59 траектория бар. Яғни сол мамандықты тереңдете оқытамыз. Мысалы дефектологияны алайық, оның ішінде логопедия, сурдопедагогика деген траекториялар бар, мұнайгаз ісі мамандығына бұрғылау, өңдеу сияқты траекториялар енді. Осының бәрі болашақта өндіріске мамандар дайындауда кеңінен құзыреттілік қалыптастыру бағытындағы істеліп жатқан шаруалар. Бұл біздің өндіріске, өндірістің бізге бет бұрғанының айғағы. Олардың білім бағдарламаларын жасауға қатысулары арқылы болашақ маман дайындауға араласуы.

Сондай-ақ дуалдық оқыту жүйесі элементтерін пәндерге енгіздік. Дуал енгізілген пәндердің лекция сабақтары университет қабырғасында өтеді, практикалық, лабораториялық сабақтар өндірісте өтеді. Студенттер оқып жатқан пәнді терең игереді. Кітаптан оқып қана қоймай, технологиялық процестерді көзімен көріп, қолымен ұстайды. Бұл ретте Назарбаев зияткерлік мектебімен тығыз жұмыс жасадық. Мектептерге орта білім мазмұнына сәйкес жаңартылған бағдарламалар енгізіліп жатыр. Критериалды бағалауға, оқушы мүмкіндігін бағалай білуге үйрену оңай емес. Оқу жылы бойына Назарбаев зияткерлік мектебінде студенттер осы әдіске машықтанды. Арада «Үйрен-Бөліс» деген жоба жасалып, 6 мамандық бойынша 31 студент аптаның бір күнінде мектепке барып жаңартылған білім бағдарламасын игерді. Аудиторияға келгесін топтастарымен бөлісті. Екі білім мекемесі арасында бірлескен бұл жоба «Студент. Түлек. Маман» республикалық форумымен аяқталды.

Толық дуалдық жүйеге өтуге жайлап жақындап келеміз. Өндіріс орындарында 82 кафедра филиалы бар. Былтырғы оқу жылында пайдаланғанымыз 45 болатын. Оқу жылы соңына дейін жаңа келісім-шарттар жасалуы себепті бұл сан айтарлықтай өсті. Кейбір компаниялар студенттерімізді өндірістік тәжірибеге шақырып, жалақы төлеп отыр. «КазТрансОйл» акционерлік қоғамында алты мамандықта оқитын студенттер бір ай практикадан өтіп, әрқайсысы 120 мың теңге жалақы алды. Мұның бәрі өндіріспен арадағы қарым қатынас, ынтымақтастықты күшейтіп, сапалы, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау бағытында университеттің жасап отырған әрекеттері.

**Сұхбатты жүргізген**
**Гүлнара ҚАРАША**

# Басты жаңалықтар / Главные новости / Main news

## ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ

Айдана Қуантай тау-кен ісі инженері. Алматы қаласындағы Қ.Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетін тамамдағасын Хромтаудағы Дөң кен байыту комбинатында жұмыс жасаған. Жасы 23-тегі жас маман жаңа оқу жылында Жұбанов университетіне оқытушы болып жұмысқа қабылданды. Қазір арнайы пәндерден сабақ беріп жүр. Университеттің ғылыми кеңесінің кеңейтілген мәжілісінде ол алдағы мақсаттарымен бөлісті. «Ұстаздық парызды жақсы түсінемін, бала күнгі арманыма қол жеткіздім, өмірімді шәкірт оқыту мен тәрбиелеуге арнаймын, студенттік топ кураторлығы міндетін де қабылдап алдым»-деді ол көпшілік алдында сөз сөйлеп. Жиналған жұртшылық Айданаға сәттілік тіледі. Солардың бірі – университет ректоры Бауыржан Ердембеков. Ол ғылыми кеңес мүшелері алдында 2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша есеп беріп, 2019-2020 оқу жылындағы университет алдында тұрған міндеттермен таныстырды. Ректор сөзін тікелей және онлайн режимінде облыстың және қаланың білім беру ұйымдарының басшылары, университетпен серіктес өндіріс басшылары, өндірістен шақырылған практик-мамандар, меценаттар, қоғамдық ұйымдар басшылары, университет құрылымдарының басшылары, кафедра меңгерушілері, студенттік парламент спикері және жергілікті баспасөз өкілдері тыңдады. Өткен оқу жылы «Білім сапасы» деп белгіленген болатын. Университет ұжымы осы діттеген міндетті орындау үшін еңбек етті. Нәтижесі болды. Ол үшін бір ғана көрсеткішті атасақ жеткілікті. Жұбанов университеті биыл Қазақстандағы жоғары оқу орындары рейтингінде 4-ші орынды иеленді. Бұл жетістіктің ар жағында университет ұстаздары мен қызметкерлерінің, білім алушылардың орасан еңбегі тұр. Қатарға тағы 5 мың студент қосылды. Оларға сапалы білім берумен қатар, ғылыми ізденістерге жетелеу керек. Сондықтан жаңа оқу жылы «Ғылым және инновация жылы» деп белгіленді.

...Жас оқытушы Айдана Сәлімкерейқызы Қуантай техникалық факультеттің ғылыми хатшысы, алда докторантураға түсіп, ғылым жолын қуғысы келеді. Ректор да баяндамасында оқытушылардың ғылыми дәрежелері жайында арнайы мәлімдеме жасаған-ды. «Бүгінде оқытушылардың ғылыми дәрежелігі 47,9 пайызды құрап отыр. Бұл жағдайды жас оқытушыларға ғылыммен шұғылдануға жағдай жасау арқылы түзейміз. Әрине, нәтижесін 2-3 жыл күтуге тура келеді. 54 жас маманды қызметке алдық. Оқытушылық қызмет тек сабақ берумен шектелмейді. Оған жүктелетін міндеттер бар. Сондай 10 критерий бойынша оларға үстеме ақы төленеді. Ішінде студенттік топ кураторлығы, білім бағдарламасының эдвайзері, факультет кеңесінің хатшысы, академиялық ұтқырлық бағдарламасына жауапты оқытушы, ғылыми жұмыстарды және start-up жобаларын ұйымдастыруға жауапты оқытушы, әлеуметтік желілерге жауапты оқытушы және т.б., сияқты жастар қызығып атқаратын шаруалар бар. Жастарды қызметке шақыруды жалғастыра береміз. Өйткені жас келсе іске жұмыста серпіліс болады. Болашақ жастардың қолында. Оларды білім беру сияқты қиын салаға үйретіп, баулып, шыныңтыруды міндетіміз деп білеміз»-деді Бауыржан Ердембеков.

## УНИВЕРСИТЕТ ЖУБАНОВА ПРИГЛАШАЕТ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Айдана Куантай - горный инженер. После окончания Казахского Национального научно-исследовательского технического университета имени К.Сатпаева в Алматы, начала работать на Донском горно-добывающем комбинате в Хромтау. 23-летний молодой специалист с нового учебного года приступила к преподавательской деятельности в университете Жубанова. Сейчас ведёт курс специальных дисциплин. В ходе расширенного заседания научного Совета, А.Куантай поделилась с планами на будущее: «Я знаю какая ответственность возлагается на педагогов. Это профессия — моя детская мечта. Хочу посвятить свою жизнь обучению и воспитанию учеников, уже приняла группу для кураторства». Собравшиеся пожелали удачи Айдане. Перед членами научного Совета ректор университета Бауыржан Ердембеков выступил с отчетом за 2018-2019 учебный год и рассказал о задачах на 2019-2020 учебный год. Через онлайн видео-конференцсвязь к заседанию подключились руководители областных и городских образовательных учреждений, сотрудничающих с университетом предприятий, НПО, приглашённые специалисты-практики производств, меценаты, руководители отделов университета, заведующие кафедрами, спикер студенческого парламента, местные СМИ. Прошлый год был отмечен Годом качества знаний. Коллектив ВУЗа приложил немало усилий в этой связи. Результат не оставил долго ждать. Для этого достаточно привести один лишь факт - университет Жубанова в этом году стал 4-м в рейтинге ВУЗов Казахстана. В этом году ВУЗ принял 5 тысяч студентов. Помимо качественного образования, их нужно привлечь к научным изысканиям. Потому новый учебный год назван «Годом науки и инновации».

...К слову, молодой преподаватель Айдана Салимкереевна Куантай научный секретарь технического факультета, планирует поступление в докторантуру. Ректор в своём докладе особо подчеркнул научные статусы преподавателей. «На сегодня научное вовлечение преподавателей составляет 47,9%. Этот показатель хотим увеличить за счёт создания условий молодым специалистам для занятия наукой. Конечно, результат будет только через 2-3 года. Мы уже приняли в свои ряды 54 новоиспеченных кадров. Педагогическая деятельность заключается не только в преподавании. Есть и другие обязательства. По соответствию 10 критериям им будет оплачиваться доплата. Среди них привлекательные для молодежи кураторство, эдвайзер образовательных программ, секретарь Совета факультета, ответственный преподаватель программы академической мобильности, ответственный преподаватель в организации научных работ и start-up проектов, ответственный преподаватель по социальным сетям и др. Мы будем продолжать приглашать работать молодежь. Ведь они дают новый импульс любому делу. Будущее в руках молодежи. И мы обязаны поддержать их в начале сложного и интересного трудового пути», - сказал Бауыржан Ердембеков.

## ZHUBANOV UNIVERSITY INVITES YOUNG PROFESSIONALS

Aidan County the engineer on mining. After graduating from the K.Satpayev Kazakh National research technical University in Almaty, she began working at the don mining plant in Khromtau. 23-year-old young specialist with a new academic year began teaching at the Zhubanov University. Now leads a course of special disciplines. In the enlarged session of the scientific Council, A. Kuantai shared future plans: "I know what responsibility lies with the teachers. This profession is my childhood dream. I want to devote my life to the training and education of students who have already taken the group for supervision." The audience wished good luck to Aidana. The members of the scientific Council the rector of the University Bauyrzhan Yerdembekov made a report for the 2018-2019 academic year and spoke about the objectives for the 2019-2020 academic year. Heads of regional and city educational institutions, enterprises cooperating with the University, NGOs, invited practitioners of production, patrons, heads of departments of the University, heads of departments, speaker of the student Parliament, local media joined the meeting via online video conferencing. Last year was marked by the Year of quality of knowledge. The staff of the University has made a lot of efforts in this regard. The result did not leave long to wait. It is enough to bring only one fact - Zhubanov University this year became the 4th in the ranking of Universities in Kazakhstan. The UNIVERSITY accepted 5 thousand students. In addition to quality education, they need to be involved in scientific research. Because the new academic year named "the Year of science and innovations".

...By the way, a young teacher Aidana Salimkereeva Kuantai scientific Secretary of the technical Department, plans to enter a doctoral program. Rector in his report emphasized the scientific status of teachers. «Today, the scientific involvement of teachers is 47.9%. We want to increase this figure by creating conditions for young professionals to engage in science. Of course, the result will be only in 2-3 years. We have already adopted in their series of 54 newly made frames. Pedagogical activity is not only in teaching. There are other commitments. If they meet 10 criteria, they will be charged an additional fee. Among them appealing to the youth representative, Advisor education programs, the Secretary of the faculty Council, the responsible teacher of the mobility programs, the responsible lecturer for the organization of scientific work and start-up projects, the responsible teacher on the social networks etc. We will continue to invite youth to work. After all, they give a new impetus to any business. The future is in the hands of young people. And we must support them at the beginning of a challenging and interesting career path,» said Bauyrzhan Yerdembekov.

## ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА – ФУТБОЛ АЛАҢЫ

Жұбанов университетінде жаңа оқу жылында футбол алаңы ашылды. «Ақтөбе – футболдың мекені. Футболшыларымыздың мерейі жоғары. Болашақта әлемдік бәсекелерде биіктен көрінетін мықты футболшылар бізде де дайындалуы керек деп ойлаймын», — деді университет ректоры Бауыржан Ердембеков алаңның ашылу рәсімінде. Университет өміріндегі айтулы оқиғаға Ақтөбе облыстық футбол федерациясының президенті Асхат Қалжанов, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Нұрбол Сыдықов қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Шағын футбол алаңында алғашқы жолдастық кездесу өткізген кәсіби-шығармашылық факультеті мен экономика және құқық факультеттерінің студенттік командаларының өнерін тамашалады.

## ФУТБОЛЬНОЕ ПОЛЕ К НОВОМУ УЧЕБНОМУ ГОДУ

В университете Жубанова к новому учебному году открыли футбольное поле. «Актобе – футбольная столица. Наши футболисты популярны по всей стране. Думаю, что мы в будущем будем готовить спортсменов, которые прославят Казахстан на мировых аренах»,- сказал на церемонии открытия поля ректор университета Бауыржан Ердембеков. Разделили важное для университета событие президент Федерации футбола Актюбинской области Асхат Калжанов и руководитель областного управления физкультуры и спорта Нурбол Сыдыков. Первыми протестировали футбольное поле студенты профессионально-творческого и экономико-правового факультетов, которые сыграли в товарищеском матче.

## FOOTBALL FIELD FOR THE NEW SCHOOL YEAR

The University of Zhubanov opened a football field for the new academic year. «Aktobe is the football capital. Our players are popular all over the country. I think that in the future we will prepare the athletes who will glorify Kazakhstan on the world arena,» - said at the opening ceremony of the field the rector of the University Bauyrzhan Yerdembekov. The President of the football Federation of Aktobe region and the head of the regional Department of physical culture and sports Nurbol Sydykov shared an important event for the University. The first to test the football field were students of professional and creative faculties and Economics and law, who played in a friendly match.

# Басты жаңалықтар

# Главные новости

## ҚАЗАҚСТАНДА КҮРІШТІҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ ШЫҚТЫ

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары «Сыр сұлуы» мен «Айкерім» деген тауарлық атпен күріштің жаңа сорттарын өндіріске қосты. Айтуларынша, жаңа сорттар әлемге аты шыққан «Маржан» күрішіндей сұранысқа ие болады. Өкінішке орай 2006 жылы одан перекулез ауруы шығып, тауар өндірушілер бас тартқан болатын. «Маржанға» ауру сол жылдары нарыққа кірген ресей сорттарынан жұққан деген тұжырым бар. Содан бері елімізде сырттан әкелінген сорттар өсірілді. Соңғы кезде күріш өндіруші шаруалар басқа сорттар іздей бастады. Себебі, сырттың сорттарының пісу мерзімі ұзақ. Оның үстіне күріш өсірілетін Қызылорда облысының климаты өзгеріске ұшырады. Көктем кеш шығады, күз ерте түседі. Ал, мысалға алсақ, ресейлік «Лидер» сортының өніп-өсу мерзімі – 125 күн. Ал, жойылған «Маржан» күріші 110-118 күнде пісетін. Жаңа қазақстандық сорттың бірі «Сыр сұлуы» 105-110 күнде дайын болады. Оның үстіне көлемі ірі, түсі аппақ. Дәнінің салмағы 40 грамға дейін барады. Өнімділігі жоғары. Отандық күріштердің жаңа сорттары «Сыр сұлуы» мен «Айкерім» қазіргі заманғы бәсекелестікке төтеп бере алатын таза күріштер санатында.

## В КАЗАХСТАНЕ ВЫВЕЛИ НОВЫЕ СОРТА РИСА

Ученые ТОО «Национальный исследовательский институт рисоводства им.И.Жахаева» вывели новые сорта риса. Партии новых зёрен «Сыр сұлуы» и «Айкерім» вышли в производство. По словам селекционеров, эти сорта станут такими же популярными, как «Маржан». К сожалению, в 2006 го-



ду в последнем нашли перекулез и от него отказались производители. Считается, что «Маржан» тогда заразил импортируемый из России рис. С тех пор хозяйства в нашей стране стали выращивать только российские селекции. Но из-за долгого восхода, они также неудобны местным крестьянам. Да и климат в «столице риса», Кызылординской области, изменился - весна поздняя, а осень, наоборот, ранняя. Поэтому встал вопрос о выведении новых отечественных сортов риса. К примеру, сорт «Лидер» из приграничной России поспевает за 125 дней, снятый с производства «Маржан» за 110-118 дней. А вот урожай риса «Сыр сұлуы» можно собирать уже на 105-110 день. Из преимуществ нового сорта выделяется его крупнозернистость, белый цвет, вес зерна 40 грамм и его высокая производимость. Отечественные сорта «Сыр сұлуы» и «Айкерім» вполне конкурентоспособны на рынке.

## KAZAKHSTAN HAS BROUGHT NEW VARIETIES OF RICE

Scientists LLP " I. Zhakhaev National research Institute of rice " brought new varieties of rice. Lots of new grains "Syr suluy" and "Aikerim" went into production. According to breeders, these varieties will become as popular as"Marzhan". Unfortunately, in 2006, the latter found perculas and was abandoned by manufacturers. It is believed that "Marzhan" then infected imported from Russia rice. Since then, the economy in our country began to grow only Russian selection. But because of the long sunrise, they are also inconvenient to local peasants. And the climate in the" capital of rice", Kyzylorda region, has changed - spring is late, and autumn, on the contrary, is early. Therefore, the question arose about the development of new national varieties of rice. For example, the variety " Leader "from border Russia keeps up for 125 days, removed from production" Marzhan " for 110-118 days. But the harvest of rice " Syr suluy " can be collected for 105-110 days. Among the advantages of the new variety stands out its coarse, white color, grain weight 40 grams and its high productivity. National varieties " Syr suluy " and "Aikerim" are quite competitive in the market.

## ТОҚАЕВТЫҢ ПРЕЗИДЕНТТІК 100 КҮНІ

Алғашқы 100 күн символдық кезеңде Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қызметінің негізгі бағыт-бағдарын түзеді. Осы уақыт аралығында ол ішкі саясатта тың шешімдер қабылдап, экономиканың өрлеуіне сеп болатын бастамалар көтерді, сыртқы саясаттағы басым бағыттарды да анықтап үлгерді. Халықтың ой еркіндігі мен қояр талабына жағдай жасау мақсатында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрып, оған өзі басшылық жасайтын болды. Қ.Тоқаевтың Мемлекет басшысы лауазымындағы алғашқы сынағы болып есептелетін Арыс қаласында орын алған төтенше оқиғанын ізін ала халыққа көмекті дер кезінде ұйымдастырып, олардың жанында болып, қайғысын бөлісті. Құтқару және қалпына келтіру жұмыстарына қатысқан 40 адамды мемлекеттік наградамен марапаттады.

Қасым-Жомарт Кемелұлы қоғамның әлеуметтік жағынан аз қамтылған тобына жататын 500 мың отбасының банктердегі кредиттік қарыз жүктемесін төмендету туралы бастама көтерді, оны жүзеге асыру үшін 130 млрд.теңге бөлінді. Кіші бизнес өкілдерін 3 жылға салықтан босатты. Педагогтардың дәстүрлі тамыз кеңесіне қатысып, алдағы төрт жыл ішінде ұстаздардың еңбекақысын 2 есе көтеру туралы тапсырма берді. 300 жас енетін Президенттік кадрлық резерв құрды. Президенттің виртуалды қабылдауы ашылып, оған 4 мыңнан астам өтініш-сұрау келіп түскен, оның 1368-і шешімін тапқан. Жүз күнде Мемлекет басшысы Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан елдеріне жұмыс сапарымен барып, Қарағанды, Атырау, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарын аралады.

## 100 ДНЕЙ ПРЕЗИДЕНТСТВА ТОКАЕВА

В первые 100 дней своего руководства Казахстаном Президент К.Токаев определил свои основные направления деятельности. Он принял важные решения во внутренней политике, дал старт программам для экономического прогресса и внешне-политического развития. Для свободного самовыражения народа он создал Национальный общественный Совет доверия под своим председательством. Настоящим экзаменом для К.Токаева в должности стало чрезвычайное происшествие в городе Арысь. Президент в эти дни был возле народа, лично пообещав о скорейшем оказании необходимой помощи и поддержки. 40 человек, задействованных в спасении и восстановлении зоны ЧП были награждены государственными премиями и наградами.

Касым-Жомарт Кемелевич принял решение о снижении долговой нагрузки по кредитам более 500 тысяч семей из числа малообеспеченных, выделив на это 130 млрд.тенге. Малый бизнес освободил от налогов на 3 года. В ходе традиционной Августовской конференции поручил в течение 4-х лет повысить заработную плату учителей в 2 раза. Создал Президентский кадровый резерв на 300 молодых кандидатов. Были открыты Президентские виртуальные приемы, где приняты 4000 просьб и решены 1368 вопросов. За 100 дней глава государства с дипломатическими визитами посетил Китай, Кыргызстан, Таджикистан, совершил рабочие поездки в Карагандинскую, Атыраускую, Акмолинскую и Северо-Казахстанскую области.

## 100 DAYS OF TOKAYEV'S PRESIDENCY

In the first 100 days of his leadership of Kazakhstan, President K.Tokayev defined his main activities. He made important decisions in internal policy, launched programs for economic progress and foreign-political development. For the free expression of the nation, he established the national public trust Council under his chairmanship. The real exam for K. Tokayev in office was an emergency in the city of Arys. The President these days was near the people, personally having promised about the fastest rendering necessary help and support. 40 people involved in the rescue and restoration of the emergency zone were awarded state prizes and awards.

Kasym-Jomart Kemelevich decided to reduce the debt burden on loans to more than 500 thousand families from among the poor, allocating 130 billion tenge Small business exempted from taxes for 3 years. During the traditional August conference, he instructed to increase teachers ' salaries by 2 times within 4 years. He created a Presidential personnel reserve for 300 young candidates. Presidential virtual methods were open where accepted requests and resolved issues 1368. For 100 days, the head of state paid diplomatic visits to China, Kyrgyzstan, and Tajikistan, made working trips to Karaganda, Atyrau, Akmola and North Kazakhstan regions.

## 90 ОҚУШЫ «БАЛАЛАР УНИВЕРСИТЕТІНІҢ» СТУДЕНТІ

Сабағы қазан айының 5-де басталатын Жұбанов университетінің жанынан ашылған «Балалар университетінде» 90 оқушы оқитын болды. Кішкентай студенттер арнайы оқу бағдарламасы арқылы 6 бағытта білім алмақ. Мұнда балаларды инженер-техникалық бағытта компьютерлік бағдарлама жасап, робототехника негіздерін үйренуге, экономика-құқық бағытында бизнес және заңгерлік істерге, көркемдік бағытта сурет өнері мен биге, психология бағытында практикалық психологияға, әлеуметтік-педагогикалық бағытта шетел тілдері мен тарихқа, жаратылыстану бағытында биология, экология, физика және химия негіздеріне баулиды. «Балалар университетінің» ғылыми қызметкері, менеджмент магистрі Жамила Идиеваның айтуынша бұл Германия, Австрия, Швейцария және Ресей университеттерінде қолданылып жүрген халықаралық тәжірибені жалғастыру. Білім жобасы 11-17 жас аралығындағы балаларға арналған. «Балалар университетіне» аймақтағы беделді ұстаздар мен мамандар сабақ беруге шақырылып отыр.

## 90 ШКОЛЬНИКОВ СТАЛИ СТУДЕНТАМИ «ДЕТСКОГО УНИВЕРСИТЕТА»

Занятия в Детском университете, открытом при университете Жубанов, начнутся 5 октября. В числе студентов числятся 90 школьников. Ребята будут получать знания по специальным программам по 6 направлениям. Здесь им будут прививать основы составления компьютерных программ в инженерно-техническом направлении, робототехники, бизнеса и юриспруденции в экономико-правовом направлении, рисованию и танцевальному искусству в художественном направлении, практической психологии в психологии, иностранному языку и истории в социально-педагогическом направлении, биологии, экологии, физики и химии в естествознании. По словам научного сотрудника «детского университета», магистра менеджмента Жамили Идиевой, это продолжение мировой практики, широко применяемой в университетах Германии, Австрии, Швейцарии и России. Образовательный проект рассчитан для детей в возрасте 11-17 лет. Преподавать в «Детский университет» приглашены лучшие специалисты региона.

## 90 SCHOOLERS BECAME STUDENTS OF «CHILDREN'S UNIVERSITY»

Classes at the Children's University, opened at the Zhubanov University, will begin on October 5. Among the students there are 90 schoolers. Children will receive knowledge on special programs in 6 directions. Here they will be taught the basics of computer programs in the engineering direction, robotics, business and law in the economic and legal direction, drawing and dance art in the artistic direction, practical psychology in psychology, foreign language and history in the socio-pedagogical direction, biology, ecology, physics and chemistry in natural science. According to the researcher of "Children's University", master of management Jamila Idieva, this is a continuation of the world practice, widely used in universities in Germany, Austria, Switzerland and Russia. The educational project is designed for children aged 11-17 years. The best specialists of the region are invited to teach at the "Children's University".

# Main news

## ӨМІРІ ӨНЕГЕ

«Дене шынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Ахмет Байтұрсынов» медальдарының иегері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Төлеген Ботағариев асқаралы 60 жасқа толды. Өмірінің 43 жылын, яғни бар ересек ғұмырын салауатты өмір салтын насихаттауға, осы бағытта маман дайындауға жұмсаған ұстаздың мерей тойына байланысты құттықтаулар жан-жақтан толассыз түсіп жатты. Жаңашыл, талантты педагогты Ақтөбе облысының әкімі Ондасын Оразалин да құттықтап, жеделхат жіберді. Онда «Адамзат биігін бірлікпен емес, біліммен бағындыратын заманауи әлемде өз ісіңізге асқан ыждағаттылықпен қарап, бәсекеге қабілетті мамандар дайындауда зор үлес қосып келе жатқаныңыз үшін алғыс білдіремін! Сіздің педагогикалық тәжірибеңіз, шығармашылық қабілетіңіз бен қажырлы еңбегіңіз жас ұрпақтың рухани және интеллектуалды дамуына зор ықпалын тигізіп келеді. Өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, халқымыздың рухани байлығын еселеуге үздіксіз қосып келе жатқан еңбегіңізге тек қана өрлеу, шығармашылық табыс, деніңізге саулық, отбасыңызға бақ-береке тілеймін!» деп жазылған Алғыс хатта. Ұстаз Төлеген Әміржанұлы еңбек ететін Жұбанов университетінде ғылыми кеңестің кеңейтілген мәжілісі өтіп, оқу орны басшысы Бауыржан Ердембеков құттықтаушы қауым алдында Төлеген Ботағариевтің ұстаздық, азаматтық, адамгершілік қырлары жайлы жылы лебізін білдірді, құрметпен оның иығына шапан жауып, кеудесіне «Университетті дамытудағы еңбегі үшін» медалін тақты. Мәжіліске арнайы қатысқан Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының, Ақтөбе қалалық спорт бөлімінің, Ақтөбе қаласының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалының басшылары, Ақтөбе қаласында физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің, М.Оспанов атындағы мемлекеттік медициналық университетінің, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің, Ресей Федерациясы Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің өкілдері, сонымен бірге университет түлектері мерей жас иесіне ыстық ықыластарын білдірді. Польшалық әріптесі, Быдгощ қаласының экономика университетінің Дене шынықтыру институтының директоры Александр Скалий бейнеқұттықтау салды. Төлеген Ботағариев қызмет ететін кәсіби-шығармашылық факультеті ұстаздың өмір жолына арналған фильм дайындап, сыйға тартты.

Ботагариев Төлеген Әміржанұлы 1959 жылы 7 тамызда Гурьев қаласында( қазіргі Атырау) зиялы отбасында дүниеге келген. Әкесі — Ботағариев Әміржан Петровский зауытындағы қарапайым инженерден Гурьев облысы Новобогат аудандық партия комитетінің екінші хатшысына дейін көтерілген қадірлі жан. Анасы — Ботағариева Рапиш сауда саласында қызмет атқарды. Өмір мәніне айналған баскетбол спортына әуестігі мектептен басталған. Жоғары білімді Алматыдағы Қазақ дене шынықтыру институтында алды. Институтты бітіргеннен кейін, туған елге оралып, Гурьевтегі педагогикалық институтында «Дене тәрбиесі» кафедрасында оқытушылық қызметін бастайды. Төлеген Әміржанұлы тынымсыз еңбекқорлығының арқасында жоғары мектеп саласында ысылып, түрлі лауазымдық қызметтерді атқарды. Кафедра меңгерушісі, проректор да болды. Ғылыми дәрежелерін алды. Баскетбол мектебін қалыптастырып, ізбасарларын әзірледі. Ол Қазақ білім академиясының корреспондент-мүшесі, Петровский ғылым және өнер академиясының корреспондент-мүшесі (Санкт-Петербург). 4 монография, 4 оқу құралының авторы. Өзінің ғылыми қызметінде 3 ғылым кандидатын, 20-дан астам магистр дайындады.

Төлеген Ботағариев үлгілі отағасы ретінде де сыйлы. Ол жұбайы Светланамен Әнуар, Әмірхан, Алмаз есімді ұлдарын, Айжан есімді қызын тәрбиелеп, жеткізген ата-ана. Қазір балаларынан өрбіген 4 немересі: Абдулла, Айтиген, Салим, Алима есімді төрт немересін қызықтап отыр.

## ПРИМЕРНАЯ ЖИЗНЬ

Обладатель медалей «За вклад в развитие физкультуры и спорта», «За вклад в развитие науки



Республики Казахстан», «Ахмета Байтурсынова», доктор педагогических наук, профессор Толеген Ботагариев отметил свой 60-летний юбилей. Уже 43 года он неустанно популяризирует здоровый образ жизни, готовит квалифицированных специалистов этой отрасли. Потому и добрые пожелания в адрес уважаемого педагога поступали отовсюду. Талантливого педагога-новатора поздравил аким Актюбинской области Ондасын Уразалин. «Выражаю глубокую благодарность за вклад в подготовку конкурентоспособных кадров. Ваш педагогический опыт, творческие способности и работоспособность положительно влияют на духовное и интеллектуальное развитие молодежи. Вы с большой ответственностью подходите к привитию подрастающему поколению патриотизма, приумножая духовное богатство народа. Желаю Вам развития, творческих успехов, здоровья, семейного благополучия!» - написал в Благодарственном письме глава региона. На расширенном заседании научного Совета университета Жубанова, где трудится Толеген Амиржанович, ректор Бауржан Ердембеков высоко оценил человечность, педагогическую смекалку, гражданскую позицию юбиляра, надел на его плечи чапан, как знак почтения, вручил медаль «За вклад в развитие университета». В мероприятии приняли участие руководители областного управления и городского отдела физкультуры и спорта, городского отдела образования, областного филиала АО национального Центра повышения квалификации «Өрлеу», представители Назарбаев интеллектуальной школы в Актобе, медицинского университета имени М.Оспанова, Атырауского государственного университета имени Х.Досмухамедова, Оренбургского государственного педагогического университета РФ, выпускники университета Жубанова. Польский коллега, директор физкультурного института экономического университета Быдгощ Александр Скалий прислал видеопоздравление. А преподаватели профессионально-технического факультета, где трудится Толеген Ботагариев, подготовили фильм о его жизгенном пути.

Ботагариев Тулеген Амиржанович родился 7 августа 1959 года в городе Гурьев (ныне Атырау) в семье интеллигенции. Отец - Ботагариев Амиржан, начав свой трудовой путь с должности инженера Петровского завода, дорос до поста второго секретаря Новобогатского районного комитета партии Гурьевской области. Мать - Ботагариева Рапиш работала в продовольствии. Ставший частью жизни, баскетбол привлёк Т.Ботагариева ещё в школьные годы. Высшее образование получил в Казахском физкультурном институте Алматы. Вернувшись после окончания ВУЗа в родной город, он заступает на должность преподавателя кафедры «Физической культуры» педагогического института. В разные годы занимал высокие посты заведующего кафедрой, проректора. Получил научные статусы. Создал школу баскетбола, воспитав несколько поколений последователей. Он член-корреспондент Казахской академии образования, член-корреспондент Петровской академии науки и искусства (Санкт-Петербург). Автор 4 монографий, 4 учебных пособий. Он подготовил 3 кандидатов наук, более 20 магистров.

Тулеген Ботагариев уважаемый семьянин. Вместе с супругой Светланой воспитали троих сыновей - Ануара, Амирхана, Алмаза, дочь - Айжан. Сейчас радуются шалостям 4 внуков - Абдуллы, Айтигена, Салима и Алимы.

## EXEMPLARY LIFE

The owner of the medals "For contribution to the development of physical culture and sport", "For contribution in development of science of the Republic of Kazakhstan, Akhmet Baitursynov", doctor of pedagogical Sciences, Professor Tolegen Botagariev celebrated its 60th anniversary. For 43 years he has been tirelessly promoting a healthy lifestyle, preparing qualified specialists in this industry. Therefore, good wishes to the respected teacher came from everywhere. Akim of Aktobe region Ondasyn Urazalin congratulated the talented teacher-innovator. "I express my deep gratitude for the contribution to the training of competitive personnel. Your teaching experience, creativity and performance have a positive impact on the spiritual and intellectual development of youth. You have a great responsibility to instill patriotism in the younger generation, increasing the spiritual wealth of the people. I wish you development, success, health, family well-being!"- wrote in a letter of Thanks the head of the region. At the enlarged meeting of the scientific Council of the University Zhubanov, which employs Tolegen Amirzhanovich, rector Baurzhan Yerdembekov praised the humanity, pedagogical savvy civic-minded hero of the day, wearing on his shoulders the robe as a sign of respect, presented the medal "For contribution to the development of the University." The event was attended by the heads of the regional Department and the city Department of physical culture and sports, the city Department of education, the regional branch of the national center for training "Orleu", representatives of Nazarbayev intellectual school in Aktobe, M. Ospanov medical University, H. Dosmukhamedov Atyrau state University, Orenburg state pedagogical University of the Russian Federation, graduates of Zhubanov University. Polish colleague, Director of the sports Institute of the University of Economics Bydgoszcz Alexander Skali sent a video greeting. And teachers of vocational faculty, which employs Tolegen Botagariev, has produced a film about his life way.



Botagariev Tulegen Amirzhanovich was born on 7 August 1959 in the town of Guriev (now Atyrau) in the family of intellectuals. The father Botagariev Amirzhan starting his career as an engineer Petrovsky plant, grew to the post of second Secretary Novobogatski district Committee of the party of Guriev area. Mother Botagarieva Rapish worked in the food. As part of the world, basketball has attracted T.Botagariev still in high school. He received higher education in the Kazakh sports Institute of Almaty. Returning after graduation to his hometown, he takes up the position of teacher of the Department of "Physical culture" of the pedagogical Institute. In different years he held high posts of head of the Department, Vice-rector. Received a scientific status. Created school basketball, nurturing several generations followers. He is a corresponding member of the Kazakh Academy of education, corresponding member of the Petrovsky Academy of science and art (St. Petersburg). Author of 4 monographs, 4 textbooks. He prepared 3 candidates of Sciences, more than 20 masters.

Тулеген Ботагариев уважаемый семьянин. Вместе с супругой Светланой воспитали троих сыновей - Ануара, Амирхана, Алмаза, дочь - Айжан. Сейчас радуются шалостям 4 внуков - Абдуллы, Айтигена, Салима и Алимы.

Tulegen Botagariev respected family man. Together with his wife Svetlana raised three sons-Anuar, Amirkhan, Almaz, daughter-Aizhan. Now enjoy the antics of the 4 grandchildren of Abdulla, Aitigen, Salim, and Alima.

**Жаңалықтарды дайындаған Айерке Сұлтанбекова**

Студенттік өмір | Студенческая жизнь | Student life



**Старшее поколение любит уличать современную молодёжь в нетрудоспособности. Но стоит подчеркнуть — последние любят иметь лишние деньги в кармане. Потому при первой возможности студенты ищут дополнительный заработок. В топе работ программа «Жасыл ел», ресторанный и гостиничный сервисы, детские лагеря и международные программы.**

# Лето в бюджет

Университетский штаб студенческих отрядов «Жасыл ел» в этот сезон трудоустроил сотни студентов. Среди них Айару Картбаева, студентка 2 курса специальности «Казахский язык и литература» Высшего колледжа АРГУ им.К.Жубанова проработала один месяц своего лета на строительной площадке новой школы в селе Куршасай города Актобе. Девушку назначили бригадиром маленькой команды. Выполняя ежедневные работы по благоустройству и очистке территории школы, Айару отвечала за посещаемость, тщательное выполнение заданий ещё 4-х девушек отряда. «Мы работали с 9:00 утра до 18:00 вечера с часовым перерывом на обед. Мыли кабинеты после внутренней отделки, потом перешли во двор и стадион, где красили заборы, трубы, спортивные установки. Месяц пролетел быстро. Вкусный хлеб, добытый собственным трудом. Уверена, что в рядах жасылелевцев работают истинные патриоты своей страны», - рассказала Айару.

Стать «зелёным бойцом» легко. Работа начинается в середине мая и длится вплоть до сентября. Зарплата за 8-часовой труд с обеспечением питания и одежды колеблется от 30000 до 150000 тенге. Программа «Жасыл ел», запущенная первым Президентом Нурсултаном Назарбаевым, в этом году провела свой 14 сезон.

Не менее популярны среди студентов должности официант и консьерж, которые обеспечивают дополнительный заработок круглый год. Единственное «но», работодатель может потребовать соблюдение сменного графика. А это приведёт к прогулам с последующим плачевным отчислением. Оплата труда в этих сферах индивидуальная. Но как правило, больше двух-трёх тысяч тенге за один выход студентам не заплатят.

Сочетать отдых и работу можно в летних детских лагерях. Веселые будни и активный досуг тут обеспечат за хорошую плату. Только вот ответственность за школьников велика. Непобоялась этого студентка 4 курса университета Жубанова, будущий историк Асем Альбекова. «Это просто незабываемые дни. Наверное, в детстве каждый из нас отдыхал в лагере, и хочет вернуться туда еще раз. Быть вожатым не так просто. Прежде всего, это большая ответственность. С опытом, становится немного легче. Также, благодаря нашему дружному коллективу и администрации лагеря, у нас не возникало трудностей, ведь мы как одна большая и дружная семья всегда спешили на помощь друг другу. Я очень рада, что в нашей дружной команде работали и другие студенты нашего университета»,- призналась девушка.

Международные программы по типу «Work and travel» самые привлекательные в топе работ для студентов. Но для участия в них потребуется кэш в сотни тысяч тенге. Поехать зарабатывать в США, Францию и Северную Африку молодые люди смогут, пройдя жесткий отбор. Помимо средств на перелёт, проживание и другие расходы (виза, трансфер, питание), необходимо знание языка. Хотя условия программ могут отпугнуть, есть много положительных сторон. Путешествие, познание быта и культуры развитых стран, а ещё достойная оплата труда. В бургерных и закусочных в этих странах платят в 4-5 раз выше, чем у нас.

До начала профессионального трудового пути каждый студент хоть раз пробовал заработать малые средства для личных расходов. Но все же главной задачей для молодежи остаётся посвящение себя познанию будущей специальности.

**Айерке СУЛТАНБЕКОВА**



☑ Студенттік өмір ☑ Студенческая жизнь ☑ Student life

# АРМАНДАР ОРЫНДАЛАДЫ ЕКЕН



Армандар орындалады дегенге бұрын күдікпен қарайтынмын. Уақыт өте келе, күтпеген жерден, бір кездері ойымда ұзақ сақталған жарқын армандарым орындала бастады. Және әлі де жалғасуда. Сондай бір керемет сәт осы жаздың шілдесінде бастау алды.

Біздің күн шығыс еліне бағытталған сапарымыз өз құрамына еліміздің әр түкпірінен келген студенттерді жинады. Назарбаев университеті, Еуразиялық Ұлттық Университет, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қарағанды мемлекеттік университеті секілді еліміздің беделді жоғары оқу орындарының жастары қатарына біз, Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің студенттері қосылдық. Қытай Халық Республикасының Қазақтан Республикасындағы елшілігімен ұйымдастырылған бұл сапар оқуда озат, студенттік өмірде белсенді жастарға тарихы, тілі, мәдениеті тіптен бөлек, жаңа елді көрсетуге негізделді деп білемін. Расымен де, тарихы тереңнен тамыр алатын Қытай еліне жол жүру әрбір студенттің бойына еріксіз қуаныш пен толқу ұялатты.



Қарапайым елді мекеннен, Қытай мен Гонконгты байланыстыратын ірі қалаға айналып, құрылғанына 40 жыл толуын тойлап жатқан Шэньчжень қаласы өзінің ыстық құшағын жая қарсы алды. Қала күніне орай зәулім ғимараттардың алуан жарық бейнелерге боялуы, осындай заманауи технологияның таңқаларлық дәрежеге жеткенін көру бізді болашақта өз елімізде де бұл керемет көріністі тамашалауға шабыттандырды. Қаланың Әлемге терезе, Керемет Қытай секілді ауқымды саябақтары «Әлемнің 7 кереметін» және Қытай елінің барлық көрнекілігін көруге кішірек нұсқалары арқылы мүмкіндік берді. Келесі күні Чжэцзян провинциясының астанасы, оңтүстікте орналасқан Ханчжоу қаласының сұлу табиғаты мен дамыған өркениетін араладық. Танысу шаралары атақты «Қаржы және экономика университеті» ұжымы қазақстандық студенттерді қабылдап, оқу орнын көрсету, кездесу, сыйлық алмасу секілді үрдіспен өзінің жалғасын тапты. Сонымен қатар, Қытай мемлекетінің қаржы астанасы, бойында әлемдегі биіктігі бойынша екінші орынға ие көк тіреген ғимараты бар Шанхай қаласы бізді бірден өзіне ғашық етті. Себебі, биіктігі 632 метрге жететін «Шанхай мұнарасы» 1559 жылы баласының ата-анасына деген құрметі негізінде іргетасы қаланған «Қуаныш бағы» секілді көзге жаухардай көрінетін жерлер бізге бар әдемілігін көрсетті. Ал сапарымыздың соңы ҚХР-ның елордасы, мыңжылдық Бейжіңге келіп жетті. Онда 500 жылдан астам тарихы бар Гугун мұражайы өз қақпасымен бірге сырын да ашты. Көрген, алған әсерімізді айтып жеткізу қиынға соғатындай.

Қытай сынды ұлы империяның мені риза еткен тұстары — үздіксіз жұмыстанатын еңбекқор халқы, үлкенге бас иіп, құрметтейтін жастары, көрілікке мойымайтын карттары, рухани байлығын тұмардай сақтап, көне мәдени мұраларын әлпештейтін барша азаматтары.

**Аружан Ермағамбетова**
**филология факультетінің**
**3 курс студенті**
**Жұбанов университеті**

☑ Жаңа емле ☑ Новый алфавит ☑ New alphabet

# ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІ МЕН ЖАЗУЫН ҮЙРЕТУ САБАҚТАРЫ

**Сабақты жүргізуші: Нұрбол САДУАҚАС, филология ғылымдарының кандидаты, доцент**

## 9 – САБАҚ
## ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ МЕН СӨЗДЕРДІҢ ТАСЫМАЛДАНУЫ

Күнделікті тілдік қолданыста күрделі атауларды бірде толық күйінде, енді бірде қысқартып айту және қысқартып жазу дәстүрге айналғанын білеміз. Қоғам дамыған сайын күрделі атаулар да жиі қолданылып, оларды қысқартып айту және қысқартып жазу да арта түсті. Соның нәтижесінде қысқарған сөздер әдеби тілде жаңадан сөз тудырудың белгілі бір тәсілі болып қалыптасты. Қысқарған сөз – күрделі атаулардың қысқартылып жазылған түрі, оны тіл білімінде аббревиатура деп атайды. Қысқарған сөздердің жазылу тәртібі туралы Емле ережелерінің 73-75 баптарында баяндалған. Ережеде қысқарған сөздердің қолданысы ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес, техникалық жақтан қолдануға оңтайлы, жинақы болуы ерекше назарға алынған.

| | |
|---|---|
| Басқы әріптерінен қысқарған күрделі атаулар бас әріппен жазылады. | EQYU (Eýropadaǵy qaýipsizdik jáne yntymaqtastyq uıymy); AQ (Aksıonerlik qoǵam); AAQ (Ashyq aksıonerlik qoǵam); JShS (Jaýapkershiligi shekteýli seriktestik); DDSU (Dúnıejúzilik densaýlyq saqtaý uıymy). |
| Қосымшалар қысқарған сөздің айтылу заңдылықтарына сәйкес дефис арқылы жазылады. | EQYU-ǵa; EO-ǵa; JShS-nyń, JShS-ǵa; AQ-nyń; DDSU-ǵa; TMD-ǵa, MKK-ge. |
| | Бірақ AQSh-qa деп жазылады. |

Қазіргі кезде көптілділік мәселесінде ағылшын тілінен өзгеріссіз келіп жатқан сөздер туралы көп айтылып жатыр. Бір жағы ұлттық тіліміздің ерекшелігін сақтау болса, екінші жағы халықаралық деңгейдегі өзге тіл сөздерінің де қолданысын танымастай етіп өзгертіп алмау керектігін ескертеді. Сондықтан екі жағын да ескере отырып, ана тілімізде ағылшын тілінен келген қысқарған сөздерді қолданудың тиімді жолдары ұсынылған.

| | |
|---|---|
| Ағылшын тіліндегі атауы бойынша қысқарған әлемдік мәртебесі жоғары халықаралық ұйым атаулары түпнұсқа тіліндегідей жазылады. | UNESCO, USAID, NATO, EXPO. |
| | Қосымшалар қысқарған сөздің айтылуына қарай дефис арқылы жалғанады: UNESCO-nyń, -ǵa; USAID-tyń, -qa; NATO-nyń, -ǵa; EXPO-nyń, -ǵa. |

Қазақ тіліндегі күрделі атаулардың қысқартылып қолданылуының төмендегідей түрлері бар: 1.Күрделі атау сөздердің басқы дыбыстарының қысқаруынан жасалуы (БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы, ЕҚ – Егемен Қазақстан); 2. Күрделі атау құрамындағы бірінші сөздің басқы буыны мен келесі сөздердің басқы дыбыстарының қысқаруынан жасалуы (Қаз ҰУ – Қазақ ұлттық университеті, АқӨМУ – Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, ҚазМемҚызПУ – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті); 3. Күрделі атау құрамындағы әрбір сөздің басқы буындарынан құралған бір сөз жасалып, олардың кіші әріптермен бірге жазылуы арқылы жасалуы (филфак– филология факультеті, *обком* – облыстық комитет, *ауатком* – аудандық атқару комитеті), газснаб – газбен қамту/снабжения); 4. Күрделі атау құрамындағы алғашқы сөздің басқы буынының және кейінгі сөздің тұтас алынып, бір сөз болып қолданылуы арқылы жасалуы (Педколледж – педагогикалық




колледж, *облгаз* – облыстық газ, *медпункт* – медициналық пункт ), т.б.

| | |
|---|---|
| Аралас қысқарған сөздердің жазылу үлгісі. | QazUÝ (Qazaq ulttyq ýnıversıteti); Eýroodaq (Eýropalyq odaq). ТүркПА(Түркітілдес мемлекеттер Парламенттік Ассамблеясы), ҚР ҰҒА (Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы). |
| | Ономком, Терминком, ҚазБытХим(Казахстанская бытовая химия, ҚазМұнайГаз, ҚазТрансГаз, Мемтерминком, Мемономком, Санпедқадағалау, кеңшар, ұжымшар. |
| | Қосымшалар соңғы буынға үндесіп жалғанады: QazUÝ-dyń, -ǵa; Eýroodaq-tyń,-qa. |

Қысқартылып алынған күрделі атаулар мен сандардың қосақталып қолданылатын кездері де болады. Бұған түрлі техниканың маркаларын білдіру үшін алынған шартты белгілер жатады. Мысалы, ГАЗ – 69, ТУ–104, ИЛ–18; Сонымен бірге см (сантиметр), мм (миллиметр), кв (киловатт), кг (килограмм), т.б. секілді шартты белгілер де қысқарған сөздер қатарында қарастырылады. Мұндай қысқарған сөздерге қосымшалар сызықша арқылы жалғанады.

Қысқарған сөздердің (аббревиатуралардың) сөздігі

АДБ – Азия даму банкі, АҚ – акционерлік қоғам, АХА – азаматтық хал актілері, ЕАР – Египет Араб Республикасы, ДБ – деректер базасы, БСК – банктің сәйкестендірме коды, ЖКМ – Жарамдылықтың кепілдік мерзімі, МНТБ – мемлекеттік нөмірлік тіркеу белгісі, ІІББ – ішкі істер бас басқармасы, ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу, МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білімнің стандарты, ЗТМО – Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық, СТСН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі, ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі, ҰҚК – Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ҚазМемҚызПУ – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, БАжҚДИ – біліктілікті арттыру және қайта даярлау институты.

Ғалым Ш.Құрманбайұлының «Қазақ тіліндегі қысқарған сөздер» деп аталатын еңбегінде қазақ тілінде күрделі атаулардың қысқартылып алынуының бірнеше үлгілерін, кейде әртүрлі атаулардың бірдей қысқартылып алынуынан оқырманды жаңылыстырып, оның дәл ақпарат алуына кедергі келтіретін тұстары бар екенін де төмендегіше көрсетеді:

| |
|---|
| Қазақша нұсқасы мен орысшасы жарыса жұмсалып жүрген қысқарған атаулар. Мысалы, ТӘБ//БТА, ОББ //ЦРУ, ЖЭО//ТЭЦ, СЭС//ГЭС, АҚТҚ //ВИЧ, ЖҚТБ//СПИД, ФБР//ҚІБ және т.б. |
| Бірде орысша таңбалануы бойынша, кейде ағылшынша қысқартылуына сәйкес өзгеріссіз қолданылып жүрген атаулар да әдәуір. AIBA//АИБА, FIFA//ФИФА, ASEAN// АСЕАН, UNESCO// ЮНЕСКО, ISO// ИСО, NATO// НАТО және т.б. |
| Түрлі мағынаны білдіретін күрделі атаулардың бірдей қысқартылып алынуы:<br>1.ҚХА – қалалардың халықаралық ассамблеясы; 2. ҚХА – Қазақстан халқы ассамблеясы. 1. СЭС – су электр стансасы, 2. СЭС – санитарлық эпидемиологиялық станса. |

Тасымал – жазып келе жатқан жолға сыймаған сөздің буын жігіне қарай бөлініп, келесі жолға жалғастыра жазылуы. Сөздердің тасымалдану тәртібі Емле ережелерінің 99–107 баптарында баяндалған.

| | |
|---|---|
| Сөз буын жігіне сәйкес тасымалданады. | oqý-shylar, oqýshy-lar; bel-sendi, belsen-di; beı-bitshilik, beıbit-shilik, beıbitshi-lik. |
| Буын й мен у дауыссыздарынан басталған жағдайдағы тасымалдануы. | da-ýys (daý-ys емес), sa-ýat (saý-at емес), da-ıyndyq (daı-yndyq емес), qu-ıyn (quı-yn емес). |
| Сөз ішінде үш дауыссыз дыбыс қатар келгенде, сөздің түбірі сақталып тасымалданады. | kúńgirt-teý (kúńgir-tteý емес), jańǵyrt-ty (jańǵyr-tty емес). |
| Біріккен және кіріккен сөздер буын жігімен тасымалданады. | de-malys, dema-lys (dem-alys емес); kó-goraı, kógo-raı (kóg-oraı емес). |

Сөздердің тасымалдану тәртібіндегі ескеретін жайлардың бірі – сөз соңында қойылатын тыныс белгісі де жазып келе жатқан жолда қалдырылуы тиіс, оның жеке өзін екінші жолға көшіруге болмайды. Осы секілді тасымалдауға болмайтын жағдайларды да білу керек.

| | |
|---|---|
| Бір буынды сөздер тасымалданбайды. | aı, kún, vólt, kvars, pýnkt. |
| Сөздің жеке әрпі келесі жолға тасымалданбайды. | ara (a-ra, ar-a емес), aıaq (a-ıaq емес), alaqan (a-laqan емес), uıa (u-ıa, uı-a емес). |
| Бас әріптен қысқарған сөздерді тасымалдауға болмайды. | AQSh, TMD, BUU, BAQ, UBT, UB; |
| Кісі есімінің қысқартылған әрпі мен тегі тасымалданбайды. | A.Baıtursynuly, B.Momyshuly, Ǵ.Mustafın, Á.Kekilbaı. |
| Цифрлармен келген қысқарған өлшем бірлік атаулары және шартты таңбалар тасымалданбайды. | 25 ga (25-ga емес), 50 sm (50-sm емес), 50 % (50-% емес). |

Тасымал емле ережелеріндегі жазу тәртібінің бір құралы. Сондықтан жазу барысында барлық жағдайда да сөздердің тасымалдану тәртібін сақтау керек. Күнделікті жағдайда, мысалы телефон арқылы асығыс хабарламалар жіберу барысында бұл талаптардың орындалмайтын кездері де болады. Бұл дұрыс емес.

**Тапсырма:** Төменде берілген қысқарған сөздердің қазақша-орысша сөздігімен танысып, қазақ тілі бөліміндегі көп нүктенің орнын толтырыңыз. Сөздіктегі сөздерді латын әріптеріне көшіріп жазып, олардың жазылу емлесін меңгеріп, оқу шапшаңдығын арттыруға дағдыланыңыз:

| қазақша | орысша |
|---|---|
| ADB – ... damý ... | АБР – Азиатский банк развития |
| ESJQA – Ekonomıkalyq .... ... ..... | АБЭКП – Агентство по борьбе с экономической и коррупционной преступностью |
| BSK – ... sáıkes-tendirme .... | БИК – банковский идентификационный код |
| JAK – Joǵary ... ... ... | ВАК – Высший аттестационный комитет |
| MJZQ – ... ... ... qo-ry | ГНПФ – Государственный накопительный пенсионный фонд |
| JSN – zeke ... ... | ИИН – индивидуальный идентификационный номер |
| MJMBS – mem-lekettik .... .............. | ГОСО – государственный общеобязательный стандарт образования |
| QazUAÝ – Qazaq ... ... ... | КазНАУ – Казахский национальный аграрный университет |
| JEQ – ... ... qyzmeti | ИТД – индивидуальная трудовая деятельность |
| JQTB – жұқтырғыш қорғаныш тапшылығының белгісі | СПИД – синдром приобретенного иммунодефицита |
| RU – ... ulan | РГ – Республиканская Гвардия |
| QQS – qosylǵan ... ... ... | НДС – налог на добавленную стоимость |

**Тапсырма:** Төмендегі мысалдармен танысып, қате тасымалданған сөздерді дұрыстап, тасымалдану және тасымалданбау жағдайларын да ескеріп, латын әріптеріне көшіріп жазып, оқу шапшаңдығын арттыруға дағдыланыңыз:

| |
|---|
| Бал-ық-шыл-ар, сат-ушы-ла-рдан, өт-у-ге, оқ-у-шыл-ар-ла-рға, ти-ын. |
| Бау-ыр-жан, қау-ын-дар, бай-ы-ған, жай-ыл-ған, қай-ық-шы, сүй-ін-ші, күй-ік. |
| Жұ-мы-ртқа, құм-ырс-қа, қар-ттық, сә-ттіл-ік, көр-ін-іс, қа-йрат-тыл-ық. |
| Кө-гал, қа-рлығ-аш, тор-ал-а, са-рға-йған, жап-ыр-ақт-ар-ына, оқ-ырм-анд-ар. |
| А-па-сым-ен, а-ға-й-ын-ы, кө-рм-е, көз-ілд-ір-ік, а-тас-ы, а-уыл, тау-ық. |
| ЮН-ЕСКО, ТМ-Д, 50- ga, 75-% , 45-см, ко-лхоз, ки-лог-рамм, км-ге, мет-рден. |

**Тапсырма:** Қысқарған сөздердің (аббревиатуралардың) сөздігін қарап, қазақ тіліндегі қазіргі кезде қолданысқа енген жаңа сөздерді тауып, латын әріптеріне көшіріп жазыңыз.

# Неправильное чаепитие



— Запрет первый. Чай на пустой желудок. Когда пьешь чай на пустой желудок, холодная природа чая, проникая вовнутрь, может охладить селезенку и желудок.

— Запрет второй. На обжигающий чай. Слишком горячий чай сильно раздражает горло, пищевод и желудок. Длительное употребление очень горячего чая может привести к болезненным изменениям этих органов. По данным зарубежных исследований, частое употребление чая температурой выше 62 градусов ведет к повышенной ранимости стенок желудка и дает симптомы различных болезней желудка. Температура чая не должна превышать 56 градусов.

— Запрет третий. На холодный чай. В то время, как теплый и горячий чай придают бодрость, делают ясным сознание и зрение, холодный чай дает побочные эффекты: застой холода и скопление мокроты.

— Запрет четвертый. На слишком крепкий чай. Высокое содержание кофеина и танина в крепком чае может стать причиной головной боли и бессонницы.

— Запрет пятый. На долгое заваривание чая. Если чай заваривать слишком долго, чайные полифенолы и эфирные масла начинают самопроизвольно окисляться, что не только лишает чай прозрачности, вкусовых качеств и аромата, но и значительно снижает питательную ценность чая за счет окисления содержащихся в чайных листьях витаминов С и Р, аминокислот и других ценных веществ. Кроме того, настаиваясь, чай подвергается воздействию окружающей среды, если чай долго томится в тепле в нем значительно увеличивается содержание микроорганизмов (бактерий и грибков).

— Запрет шестой. На многократное заваривание. Обычно после третьей-четвертой заварки в чайных листьях уже мало что остается. Эксперименты показывают, что первый настой вытягивает приблизительно 50% полезных веществ из чайных листьев, второй 30%, а третий всего лишь около 10%, четвертая заварка добавляет еще 1-3%. Если же продолжать заваривать чай дальше, то в настой могут выходить и вредные составляющие, поскольку вредные элементы, содержащиеся в очень небольшом количестве в чайных листьях, выходят в настой в последнюю очередь.

— Запрет седьмой. На чай перед едой. Большое количество чая, выпитое перед едой, ведет к разжижению слюны, пища начинает казаться безвкусной, кроме того, может временно снизиться усвоение протеина пищеварительными органами. Следовательно, пейте чай за 20-30 минут до еды.

— Запрет восьмой. На чай сразу после еды. Любое обильное питье сразу после еды приводит к значительному снижению концентрации желудочного сока, и это замедляет пищеварение и нарушает работу всех органов пищеварения. Если хотите попить чай после еды, подождите 20-30 минут.

— Запрет девятый. На запивание чаем лекарств. Дубильные вещества, содержащиеся в чае, расщепляясь, образовывают танин, от которого многие лекарства дают осадок и плохо усваиваются.

— Запрет десятый. На вчерашний чай. Чай, постоявший сутки, не только теряет витамины, но также становится идеальной питательной средой для бактерий. Но если чай не испортился, его вполне можно использовать в лечебных целях, но только как наружное средство. Так, настоявшийся за сутки чай богат кислотами и фтором, которые препятствуют кровотечению из капилляров, поэтому вчерашний чай помогает при воспалениях полости рта, болях в языке, экземе, кровоточащих деснах, поверхностных повреждениях кожи, гнойниках. Промывание глаз вчерашним чаем помогает уменьшить неприятные ощущения при проявлении в белках кровеносных сосудов и после слез, а полоскание рта утром перед тем, как чистить зубы, и после еды не только оставляет ощущение свежести, но и укрепляет зубы.

https://sovetik.club

**Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.**

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті**

**Меншік иесі:**
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы

**Ректор**
**Бауыржан Ердембеков**

**Бас редактор**
Гүлнара Қараша

**Аудармашы (ағылшын тілі)**
Айнұр Қожабаева

**Дизайнер:**
Айгерім Нуршина

**Фотограф:**
Есет Саргузин

**Редакцияның мекенжайы:**
030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А» 337 бөлме

**E-mail:**
**gazetaZhU@mail.ru**
**Сайт: www.arsu.kz**

**Facebook:** ZhU oblystyq gazeti

**Таралымы: 5000 дана**

**Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды**